

# 9 мамыр - ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№18 (784), 7 мамыр, 2018

## ӘУЕЖАЙДАН

### ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІ КЕРІ ҚАЙТАРҒАН ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ САУАТСЫЗ БА, ЖАУАПСЫЗ БА?!



Бүгін редакциямызға Қытайдан Қазақстанға біржолға көшіп келіп, Қазақстан азаматтығын алған Нұрсейіт есімді азамат хабарласып, басындағы ауыр жағдайдың жай-жапсарын түсіндірді. Нұрсейіт Төлегенұлы (суретте) 1986 жылы ҚХР, ШУАР, Мори ауданында дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Тасқарасу ауылы, Жанысбаев көшесі 10-үйде тұрады. Әйелі Жайнагүл Ғажапқызы – Қытай Республикасының азаматы. Екеуінің отасқандарына 2,5 жыл болған. Бір жарым жаста ұлдары бар. Жас жұбайлар Египет Ислам Республикасында, Мысыр қаласында білім алған.

6  
бет

«ТІРЛІКТІ  
МЫНАУ –  
МӘҢГІЛІК  
ДЕМЕ...»

Табылды Досым  
туралы сыр

8-9  
бет

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫ ЖЕҢЕДІ

Тілдік ұлтшылдық – лингванационализм қазақ үшін бірінші орынға шығып келеді. Қазақстанда қазір екі конфликт орын алды: Ер Доған (Оғыз Доғанды айтамыз) атты түрік азаматы қазақ тілінің құзырын қолдайды. Ер Доған қазақ тілінің тағдыры үшін соғысып жүрсе, оған орысшыл Танирберген Бердоңғаров білек сыбана қарсы шығуда.

6  
бет



## ҚАЗАҚ ЕТ ЖЕУДЕН ҚАЛҒАНЫ МА?

Ас атасы – нан, оған ешкімнің таласы жоқ. Ал, аталарымыздың асы – ет екенін де жоққа шығара алмаймыз. Етсіз тағамды қазақ атаулы менсіне бермейді, қарнын тойдырып, көңілін де көншітпейді. Өйткені, ғасырлар бойы етті азық еткен, етпен өмір сүрген ұлттың ағзасы соны талап етеді. Түрлі шөппен қоректенетін мал етінде адамға қажет деген дәруменнің бәрі бар. Олай болса бүгінгі кезекті әңгіміміз сол аталарымыздың асы – ет туралы болсын...

3  
бет

## АРМИЯ РК: рост финансирования и гибридная война

В Казахстане немало российских «троянских коней» в виде космодрома «Байконур» и военных полигонов, для охраны которых «при необходимости» Россия может ввести войска. Украинский синдром заставляет по новому оценивать российское присутствие в нашей стране, что должно вызвать поэтапное закрытие военных полигонов РФ у нас.



10  
бет

# АЙБЫНДЫ ӘСКЕРІМІЗ – АНТҚА БЕРІК, АМАНАТҚА АДАЛ

Батыр бабалардың ерен ерлігін егемен елдің ерлері лайықты жалғастыруда. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада салтанатты шарада бірқатар тұлғаларға жоғары әскери және арнаулы атақтар, әскери шендер және біліктілік сыныбын табыстау кезінде ерекше атап өтті.



Елбасы. Отан қорғаушылар күні қарсаңында әскеріміз 19 генералға толықты. Бірқатар әскерилер «Даңқ», «Айбын», «Құрмет», «Ерлігі үшін» орден-медальдармен марапатталды. Оның ішінде екі баланы өрттен құтқарған алматылық сарбаз Ғалымжан Әлеуханов, карағандылық Виталий Калмыков бар. Олар Президент қолынан «Ерлігі үшін» медалін алды. Марапатталған ер азаматтар арасында жалғыз нәзік жан – Эльмира Омарова «Құрмет» орденінің иегері атанды.

«Біз ширек ғасырдан астам

уақыттың ішінде антқа берік, аманатқа адал айбынды армиямызды тәрбиелеп, оны жабдықтап келеміз. Сайыпқыран сарбаздарымыз бен сардарларымыз қастерлі тәуелсіздігіміздің қорғаны бола білді, бола береді деп те сенемін. «Ұраны бар елдің ұланы бар» деген. Ұйытқысы берік ұландарымыз әскери әлеуетті нығайтып келеді. Баһадүр бабалардың ерен еңбегін егемен елдің ерлері лайықты жалғастыруда деп сеніммен айтуға болады», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

## БАРЛЫҚ САЛАДА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК

Сенатор Бірғаным Әйтимова Qazkom банкінің Астана қаласындағы филиалының қызметкерлері Оғыз Доғанға қазақ тілінде қызмет көрсетуден бас тартуына қатысты пікір білдірді.

Sputniknews.kz порталының мәліметіне сүйенсек, сенатор барлық салада мемлекеттік тілде қызмет көрсете алатын қызметкерлер болуы тиіс екенін айтқан.

«Мен банкке барғанда қай тілде сөйлесем, сол тілде жауап аламын. Мұнда еш қиындық жоқ. Дегенмен, заңға сәйкес, барлық салада клиенттерге мемлекеттік тілде ақпарат беруге міндетті. Заң бәріне ортақ. Адамның ішкі мәдениеті қалыпты, эмоцияға салынбай сұрақ қойып, сол кейіпте жауабын талап ете алатындай болуы тиіс. Ал банк басшылығы мемлекеттік тілде қызмет көрсете алатын қызметкерлердің міндетті



түрде болуын қадағалауы керек», – деді Бірғаным Әйтимова.

Айта кетейік, Оғыз Доған қазақ тілінде қызмет көрсетуден бас тартқан Qazkom банкінің қызметкерлерін видеоға түсіріп, желіге жүктеген болатын. Ол банк кешірім сұрамаса, «Әйр Астана» сияқты оларды да сотқа беретінін мәлімдеді.

### ■ ТАҒАЙЫНДАУ

#### НҰРГҮЛ МАУБЕРЛИНОВА – ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР ВИЦЕ-МИНИСТРІ



ҚР Үкіметінің Қаулысымен Мауберлинова Нұргүл Өсербайқызы Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі қызметіне тағайындалды. Н.Мауберлинова Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін және Қазтұтыну одағының Қарағанды экономикалық университетін бітірген.

Әр жылдары мемлекеттік органдар құрылымы мен коммерциялық секторларда қызмет еткен. 2006-2008 жылдары – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және

мұрағат комитетінің бас маманы, бас сарапшы. 2008-2012 жылдары – ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің Ақпараттық-сараптамалық орталығының бас кеңесшісі. 2012-2016 жылдары ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ директорының орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісінің кеңесшісі лауазымында болды. 2016 жылдың шілдесінен бастап ҚР Ақпарат және коммуникациялар қызметінің Ақпарат комитетінің төрайымы болып жұмыс істеді.

## МӘЖІЛІСМЕНДЕР НЕСИЕ ШАРТТАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Бейбіт Мамраев бастаған бір топ мәжілісмендер «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның несиелеу шарттарын қайта қарауды сұрады.

Бұл туралы халық қалаулылары ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеевке депутаттық сауал жолдады. «Жұырда өңірлерде сайлаушылармен кездескенде Президенттің «Бес әлеуметтік бастамасын» халықтың қуана қабыл алып отырғанына куә болдық. Ауыл тұрғындары шағын несиелеу бастамасына үлкен үміт артып отыр. Шөкеев мырза жақында Парламент Мәжілісінде 2018-

2020 жылдарға арналған республикалық бюджетті талқылау барысында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 6 мың несиелеу беретіндігін мәлімдеген болатын. Алайда қазіргі уақытта ауылдықтар аталған қор басшылығы 2018 жылдың наурыз айына бекіткен несиелеу шарттарына түсінбеушілік білдіруде», – деді Мамраев. Оның айтуынша, «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша оқытылып, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген ауыл азаматтары аталмыш қордан үстіміздегі жылы мал шаруашылығымен айналысу үшін несиелеу ала алмайтын болып отыр. «Себебі, олардың ірі және ұсақ қара мал, жылқы және түйе сатып

алуына рұқсат етілмейтін болып шықты. Тек құс өсіріп, бал арасын ұстау үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласына жатпайтын бизнесті дамыту үшін несиелеу берілмек. Бірақ, ауылдарға қанша шаштараз және монша қажет? Ауылдық кәсіпкерлердің қаншасы осындай нысан ашу үшін несиелеу мүмкін? Мәселенің осы жағы жіті ойластырылмаған», – дейді ол. Депутат өз сөзінде тек шаруа қожалықтарын, фермер қожалықтарын және ауылдағы өндірістік кооперативтерді ғана кеңінен несиелеу ұсынысымен келісу қиын екенін білдірді. Осыған орай, үстіміздегі жылы жеке кәсіпкерлерді несиелеу шарттарын қайта қарап, тиісті түзетулерді енгізуді сұрайды.

## МЕКТЕПТЕРДЕ МАЗАСЫЗ МАУСЫМ БАСТАЛДЫ

Мектеп бітірушілер мен ата-аналар үшін мазасыз маусым басталды. Алда Ұлттық бірінші тестілеу сынағы тұр. Биыл мектеп бітірушілердің жалпы саны 146 мыңнан асып жығылады.

Оның ішінде 96963 түлек ҰБТ бойынша емтихан тапсырады. Сол 96 мыңнан астам түлектің 73 мыңы сынақты қазақ тілінде, яғни, мемлекеттік тілде тапсыруға өтініш білдірген. Бұл жалпы сынақ тапсырушылардың 80 пайызын құрайды деген сөз. Бұл туралы ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры Рамазан Әлімқұлов мәлімдеді. «Білім, ауыл шаруашылығы, ветеринария салалары бойынша 60 бал төменгі шектеу болып саналады. Ұлттық университеттерде, медицина бойынша – 65 бал, бұрынғыдан ешқандай өзгеріс жоқ», – деді ол. Ұлттық бірінші тестілеу сұрақтарының 50 пайызы жаңартылған. Былтыр 40 мың сұрақ болған екен. Ал, биыл тестілеу қорында 110 мың сұрақ дайындалған.

## КӨШЕ АТАУЛАРЫН ӨЗГЕРТУ ҮЛКЕН ДАУҒА АЙНАЛДЫ

Алаштың рухани астанасы Семей қаласында идеологиялық тұрғыда ескірген, мағынасыз көшелердің атын тарихи дәстүрлі атаумен ауыстыруға қатысты қоғамдық кеңес өтті.

Бұрынғы Строительная көшесінің орнына әнші, сазгер Тұрсынғазы Рахимовтың, Парковаяға Кеңес одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетовтың, Крупскаяның орнына Қазақстанның халық жазушы Әзілхан Нұршайықовтың және Краснознаменная көшесін Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан Баян Байғожина есімдерімен ауыстыруды ономастикалық комиссия жұртшылық назарына ұсынды.

Ш а р а ғ а к е л г е н кейбіреулер шатақ шығарып, қазақтың батыр қызы Баян Байғожинаға көше атын беруге үзілді-кесілді қарсы шықты. Қоғамдық кеңестің

мүшесі Николай Исаев пен өлкетанушы Павел Жуков «Баян Байғожина кім? Ол соғыста болған ба?» деп шыға келді. Қазақтың қаһарман қызы Белоруссия, Литва, Польша, Германия жерлерін азат ету ұрыстарына қатысып, жеңіске 12 күн қалғанда Германияның Гинденбург қаласында қаза тапқан.

Ол де ештеңе емес, жергілікті журналист Милана Гусева белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовты білмейтін болып шықты. Бұл қалай, осы аталған қала тұрғындары әйгілі жазушы мен қазақтың қаһарман қызын шынымен де білмегені ме? Әлде қасақана қасарысуы ма?



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙТІЛЕДІ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бірінші тоқсанды атқарылған жұмыстарының қорытындылары» атты баспасөз конференциясы болып өтті.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің есеп беру барысында жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың он динамикасы байқалағаны айтылды. Ағымдағы жылдың 3 айында 46 қылмыстық іс тіркеліпті. 2018 жылдың алғашқы тоқсанында аяқталған қылмыстық істер бойынша 168 млн. теңге мемлекетке қайтарылып, 660 млн. теңге сомасындағы заңсыз алынған мүлік тәркіленген.

Ағымдағы жылы Мемлекеттік қызмет істері Департаментінің «НұрОтан» партиясының Алматы қалалық филиалы, «Атамекен» кәсіп-

керлер палатасымен бірлескен мемлекеттік органдарда жемқорлықты алдын-алуға бағытталған ондаған семинар-отырыстары өткізіліпті. Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес алдында екі негізгі міндет тұр. Біріншісі – құқық бұзушылыққа берілетін жаза қағидасының толықтауы мен міндеттелуі. Екіншісі – сыбайлас жемқорлық жөніндегі құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу. Біз бұл мәселелерді басқа мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта шешуге ниеттіміз дейді құқық қорғаушылар.

Ұлмекен ЛЕСБЕКОВА

Ас атасы — нан, оған ешкімнің таласы жоқ. Ал, аталарымыздың асы — ет екенін де жоққа шығара алмаймыз. Етсіз тағамды қазақ атаулы менсіне бермейді, қарнын тойдырып, көңілін де көншітпейді. Өйткені, ғасырлар бойы етті азық еткен, етпен өмір сүрген ұлттың ағзасы соны талап етеді. Түрлі шөппен қоректенетін мал етінде адамға қажет деген дәруменнің бәрі бар. Олай болса бүгінгі кезекті әңгімеміз сол аталарымыздың асы — ет туралы болсын...

Ата-бабаларымыз мал шаруашылығының асқан маманы болған, оның қыр-сырын өзгелерден артық білген. Кең-байтақ даласында мыңғырған малы жайылып, оның санын үнемі көбейтумен келген. Ешқайсысы ғылым докторы, айтулы академик болмаса да сұрыптаудан өткізіп, төрт-түліктің тұқымын жетілдіре білген. Бұған да ешкім қарсы дау айта алмайды. Жаппай жаһандану деп аталған мына заманда аталмыш сала бойынша біз сол бабаларымыздың бұрынғы деңгейіне жете алмай, қор болып жүргенімізді ұят та болса толықтай мойындауымыз керек.

Дүниежүзілік дамудың даңғыл жолына түсіп алып, балағымызбен шаң боратып, шатымыз айырылғанша далбалақтап шауып келе жатқанымызға біраз жылдың жүзі болды. Бір сәт тоқтай қалып, еңтімізді басып, өткенімізге көз жүгіртіп, алды-артымызға қарасақ — баяғыда өмір сүрген бабаларымыздың бізден әлдеқайда ақылдырақ болғанын байқаймыз. Жерін жаудан қорғап, келешек ұрпағына мол байлықты аманат етіп кеткен аталарымыздан айналайын деуіміз керек. Олар «көрейін де өлейін» деп бір күнін ғана ойламаған, ұлтының болашағын бағдарлай біліп, сол үшін алдынала қам жасаған. Озық мәдениеті мен өнері, ешкімге ұқсамайтын ерекше ұлттық тәлім-тәрбиесі мен салт-дәстүрінің өзі неге тұрады?! Әрине, бүгінгі дамыған ғылым мен білім, техника мен технологияға да назар аударғанымыз жөн, оны да игеруге міндеттіміз. Өкініштісі, біз қарапайым ғана нәрседен сүрініп жатамыз. Ата-бабадан жеткен, ғасырлар сынынан өткен, қанымызға сіңген сол тәжірибені лайықты жалғастыра алмай жатып, аспандағы айға азуымызды білеп әлекпіз. Айға қол созу үшін де аяғыңның астындағы табан тірер негізін мықты болу керек қой. Қарапайым қағиданы игере алмай жатқанда, өзімізге беймәлім істі қалай атқармақпыз? Айтайын дегеніміз — бізге етене жақын ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы жайында.

Мал болмаса ет қайдан келсін. Аграрлық мүмкіндігі мол ел бола тұрып, қазаққа етсіз отырудың өзі қисынсыз, тіпті ұятты жағдай. «Ет жесең — тісіңе кіреді, жемесең — түсіңе кіреді» деген әдемі де астарлы әзіл айтатын қазақ қателеспеген екен. Бүгінгі күні қазақ үшін — тағамның төресі саналатын ет өнімнің бағасы тиім шарықтап кетті. Біреулердің иті етті иіскемей тұтқысын теріс бұрса, қарапайым көпшілік үшін ол түсінде ғана көретін қолжетімсіз тағамға айналды. Басым көпшіліктің әрі кеткенде алатын 60-70 мың теңге айлығы немесе мардымсыз зейнетақысының тең жартысын коммуналдық төлемдерге берген соң, қара нан мен картопты қанағат етеуге мәжбүр. Сол картоп пен көкөніс атаулының да бағасы арзан емес, маусым сайын көтеріліп тұрады. Бұдан кейін аталарымыз айтқандай қарапайым қазақ етті түсінде ғана көретін болды деуімізге толық негіз бар.

Жақында біздің ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов мәлімдегендей наурыз айында қазақстандықтардың орташа айлық табысы көтеріліп, адам сенгісіз 154 мың теңгеге жетті дегені рас болса біз бұл әңгімені мүлдем қозғамаған болар едік. Осыншама сома қарапайым адамдарды байытып жібермесе де өзіне аса қажет заттарды сатып алуға жетер еді. Халықтың тұрмыстық жағдайын жоғарыдан емес, төменнен бастап есептеу керектігін министр мырза білмейді

кен. «Егер ет жеймін десек алған зейнетақымыздың жартысы тек қана соған кетеді. Мен мысалы 9-10 келі ет алуым керек, ең арзаны 1900-2000-нан сатылып жатыр. Сонда ойлаңыз 10 келі етке 20 000 теңге керек. Алатын зейнетақым — 48 000 теңге» — дейді Атырау қаласының тұрғыны Сәния Ахметова.

Ал, сатушылар қымбатшылыққа ешқандай қатысы жоқтығын айтады. Сатылған әр еттің келісінен көретін пайдасы 50 теңге ғана екен. Ауыл шаруашылығы министрлігіндегілер бағаның өскенін біледі. Бірақ, құнның шарықтауының

бағаны көтерушілердің бірі болып есептеледі. Олар бір малды 2-3 жыл бағып өсірген тұрғындардан да қиналмай-ақ көп пайда табады. Етті ауылдардан арзан бағаға алып, базардағы саудагерлерге қымбатқа өткізеді. Саудагерлер де өз кезегінде үстінен пайда көреді. Сөйтіп ет тұтынушыға жеткенге дейін бірнеше қолдан өтеді. Ал малшылар өзі өсірген малын сойып, сауда орындарына әкеліп сата алмайды. Оларды базардың маңына жолатпайды. Үлкен қалаларда әрбір сенбі, жексенбі сайын ұйымдастырылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі де еттің бағасын түсіруге қауқарсыз. Бұл жерге де делдалдар дендеп кіріп алған, бағаны түсірткізбейді. Оның үстіне аптасына екі күн ғана өтетін бір ғана жәрмеңке алаңы бүкіл қаланың сұранысына жауап бере алмайды.

Сол сияқты сауда орындарының жалға беру бағасы да еттің құнына әсер етеді. Осы мәселені шешу үшін соңғы жылдарда көптеген түрлі ұсыныстар жасалғаны белгілі. Соның бірі — көптеген

Көптеген жерлер жеке адамдарға сатылып кетті. Оны да дұрыс пайдаланып жатқан жоқ. Қурай басып, жылдар бойы босқа жатыр. Сол бос жатқан жерлерге ешкімді кіргізбейді. Тіпті ауыл айналасында мал бағатын жер қалмаған. Соңғы кезде үкімет бай латифундистер сатып алған ауыл маңындағы жайылым жерлерді тұрғындарға қайтару жөнінде шешім қабылдап, іске кіріскен сынайлы. Мүмкін бұл да болса мал шаруашылығын дамытуға игі әсерін тигізеді. Сол сияқты 20 жылдан бастап «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» секілді түрлі бағдарламалар қабылданғаны белгілі. Бірақ одан мал саны өсіп, елді арзан етпен қамтамасыз ету даңғыл жолға қойылмады. Әлі де ет импорты экспорттан жүздеген есе асып түседі. Мысалы, Қазақстан 2013 жылы шетке 1,6 мың тонна ет шығарса, өзге елдерден 209,8 мың тонна ет сатып алған. Қазіргі жағдай да одан асып, жөнделі қойған жоқ. Сондықтан да базарларда негізінен шетелден келген ет өнімдері сатылып жатыр.


Осы жерде мына бір мәселеге жете көңіл бөлу керек сияқты. Шеттен келген ет өнімдерінің сапасы ерекше аландатады. Ет көбінесе Канада, Аргентина, Уругвай, АҚШ сияқты алыс елдерден әкелінеді. Жеткізу жолы алыс болса да олардың бағасы жергілікті өнімнен неге әлдеқайда төмен? Бұл сұраққа БАҚ өкілдерінің біріне берген жауабында Қазақ ұлттық аграрлық университеті азық-түлік технологиясы кафедрасының меңгерушісі Әсия Демеуханқызы: «Бізге ет алыс елдерден әкелінгенмен, бағасы біздегіден төмен болу себебі — ол өнімнің бәрі сол мемлекеттердің стратегиялық қорынан алынған. Бұл өнімдер кем дегенде 20 жыл қатырылып сақталады. Ал, ондай етте қандай сапа болуы мүмкін. Содан да бағасы төмен болып келеді» — дейді.

Ондай өнімдер сауда сөрелерінде толып жатыр, көбінесе шұжық жасауға жұмсалады. Шұжықты да адамдарымыз тұтынады ғой. Шетелден әкелінген еттің сапасын тексеру де дұрыс жүргізілмейді. Тексеру барысында адам ағзасына зияны бар өнімдердің анықталғаны да белгілі. Ал, өзіміздің өсірген мал етін шетелге қымбаттау сатқанымызға мәзбіз. Соңғы жылдары шетелдіктер тарапынан Қазақстанның мал өнімдеріне деген сұраныс жоғары деп мақтанып, сүйінші сұрап жүргендер бар. Экологиялық таза өнімге кім қызықпаса? Сөз жоқ, бұл біреулерге тамаша бизнес болып отырғаны анық. Сол арқылы мол ақша жасап жатыр. Ақша таппасын деп жатқан ешкім жоқ. Бірақ, сол бизнес бүтін бір ұлттың денсаулығына зиянын тигізіп жатқанын неге ойламаймыз? Кейін адамдарымызды емдеу үшін осы бизнестен тапқан ақшадан оң, жүз есе артық шығын шығаратынымыз анық. Сонда нәтижесінде кім ұтып, кім ұтылады? Дәрі-дәрмекпен өскен мал етін сатқан шетелдіктер ұтады, оны жеген қазақ ұтылады.

«Алтын, күміс — тас екен, арпа, бидай — ас екен» деп бұрынғылар бекер айтпаған. Халық баспанасыз, ашқұрсақ отырса, өзгелердің бізге тықпалаған демократиясы мен озық технологиясынан не пайда? Байлардың қалтасындағы миллиардтар қарапайым халыққа тамақ, шетелдегі сатып алған қымбат зәулім сарайлары бұқараға баспана болмайды. Сондықтан да өзіміз өсірген малдың таза етімен елімізді толықтай қамтып, әрбір тұрғынға қолжетімді ету керек.

2-3-бетті дайындаған  
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

# ҚАЗАҚ ЕТ ЖЕУДЕН ҚАЛҒАНЫ МА?



шынайы себебін айта алмайды. Бар айтары қымбатшылыққа еттің шетелге экспортқа шығарылуының қатысы жоқ деп отыр. «Быттыр 990 мың тонна ет өндірілді. Оның 450 мыңы ірі қара еті. Бұл ішкі сұранысты қамтуға толық жетеді. Ал, экспортқа небары 5,5 тонна ғана шығарылды. Сондықтан, экспорттың қымбатшылыққа мүлдем қатысы жоқ. Биыл өндірілетін еттің көлемі артады. Жетіспеушілік жоқ» — дейді ҚР Ауыл шаруашылығы миинстрлігі департаментінің бас маманы Ескендір Мухлисов. «Шаруаның шығындары да бар. Ол жем-шөп сатып алуы керек. Солярканың да құны өскен. Барлығы көктем кезінде қымбаттайды. Бұл еттің бағасына әсер етпей қоймайды. Сондықтан, аспандаған бағаның жақында түсе қоюы екіталай. Ал, ет сатып алу үшін ақшасы жетпегендерге тауық етін місе тұта тұруына тура келеді» — дейді ҚР Ет одағының басшысы Максұт Бақтыбаев.

Тәуелсіз сарапшыларға құлақ түрсек, бағаның өсуіне осы көктемгі тапшылық себеп болған секілді. Яғни, жұрт күзде, қыста жаппай соғым сойған кезде, баға арзандайды. Жаз пен көктем мезгілінде көтеріліп шыға келеді. Бұл жерде бағаның көтеріліп-түсуіне ет өніміне деген сұраныстың да қатыстығы байқалады.

Ет өнімінің қымбаттау себептері жалғыз бұл емес. Алдында айтқан жем-шөп, жанар-жағар майға қоса ортадағы делдалдар да

шетелдердегідей ауыл шаруашылығымен айналысатын фермерлердің өз өнімдерін өткізу үшін ірілі-уақты қалаларда арнайы жекеменшік фирмалық дүкендерін ашу болып табылады. Бірақ, бұл мәселе тек қана сөз жүзінде қалып келеді. Осы ұсынысқа құлақ асып, қол ұшын берген бірде-бір қала әкімін көрген жоқпыз. Фермерге қаладан жер беріп, дүкен салып берді дегенді естімеппіз. Оған не кедергі болуы мүмкін? Әрине, біздегі оңай ақша табудың жолын игерген базар иелері бірінші болып тосқауыл қояры анық. Өйткені, арнайы дүкендерде өнім бағасы арзандаса базар иелері табыстан қағылады. Сондықтан, олар мұндай жаналықты іске асырмауға тамыр-таныстық және басқа да әдіс-айланың бәрін қолданары сөзсіз. Әділ бәсекеге негізделген нарық заны оларға тиімсіз, өздері жеке-дара пайда табу керек. Ал, өнімінің құны өсіп, халықтың қалтасын қағып жатқаны олардың ешқайсысын ойландырмайды. Міне, бүкіл әлем қолдайтын біздегі нарықтың нарқы осындай. Қысқасы, нарық көпшілікті қарық қылып жатқан жоқ. Ол жекелеген адамдардың ғана қолына өтіп, солардың пайдасына жұмыс істеуде.

Қазақстан жер көлемі жағынан әлем бойынша тоғызыншы орында тұр, халқының саны да көп емес. Мал шаруашылығын дамытуға мұндай мүмкіндіктер дүние жүзінде сирек кездеседі. Өкінішке орай, соны пайдалана алмай отырмыз.

# «АК ЖОЛ» ТРЕБУЕТ УЖЕСТОЧИТЬ КОНТРОЛЬ ЗА РЕАЛИЗАЦИЕЙ ПРОГРАММЫ ЖКХ

Фракция «Ак жол» требует ужесточить контроль за практической реализацией программы модернизации ЖКХ – соответствующий депутатский запрос фракции был озвучен 25 апреля Меруерт Казбековой. Текст запроса приводится ниже.

**МИНИСТРУ ПО  
ИНВЕСТИЦИЯМ И  
РАЗВИТИЮ РК  
КАСЫМБЕК Ж.М.**

В целях реализации задач, отмеченных в Послании Главы Государства «Построим будущее вместе», в 2011 году была принята программа модернизации жилищно-коммунального хозяйства РК, одной из задач которой является обеспечение комфортных условий проживания граждан путем проведения текущего и капитального ремонта общего имущества кондоминиума за счет возвратных государственных средств.

На реализацию данных задач из республиканского бюджета ежегодно выделяются трансферты местным исполнительным органам.

Для участия в программе по требованиям законодательства необходимо создание кондоминиума и проведения общего собрания жильцов с разъяснением положений законодательства, порядка проведения модернизации, по итогам которых составляется протокол.

После разработки проектно-сметной документации и утверждения на собрании участников кондоминиума согласовывается субподрядная организация, утверждаются размеры ежемесячных платежей и выбираются представители для участия в приемке выполненных работ. Руководство кондоминиума представляет эти и другие документы в отдел ЖКХ при местном Акимате, затем заключается договор о проведении модернизации объекта.

Однако, в рамках выезда по регионам к депутатам фракции «Ак жол» практически во всех областях поступали обращения от населения о нарушениях требований законодательства на всех этапах реализации программы модернизации ЖКХ.

Есть случаи, когда КСК по фиктивным договорам взимают с жильцов плату за ненадлежащие услуги в течение всего времени, а также без ведома жителей заключают договор на проведение капитального ремонта с самостоятельно определенными подрядчиками по завышенным ценам. Кроме того,

работы по капитальному ремонту проходят без участия органов государственного архитектурно-строительного контроля, противопожарной службы, архитектуры и градостроительства и, как следствие – с большими нарушениями.

Эти и другие факты, после многочисленных обращений во все государственные и судебные органы, поднимались и перед депутатами.

Несмотря на возбужденные правоохранительными органами дела, решения судов о признании недействительными договоров и актов приемки работ, устранять их последствия и выявленные нарушения никто не торопится.

Так, к примеру, во многих многоэтажных домах города Кокшетау, подпадавших под программу модернизации ЖКХ, проектной документацией предусмотрена замена кровли металлочерепицей толщиной не менее 0,7 мм. Однако по факту, практически по всему городу подрядчики самовольно применили материал в два раза тоньше и, соответственно, дешевле планируемой.

В то же время, в актах выполненных работ данный материал остался соответствовать заложенному в проектно-смет-



ной документации и с жильцов требуют оплату за материал толщиной в 0,7 мм. А это – не одна тысяча квадратных метров крыши.

Помимо нарушений с кровельным материалом, имеют место случаи, когда подрядчики при демонтаже старой крыши не только не меняют деревянные каркасы кровли, но и не проводят обязательные в этих случаях обработку деревянных материалов огнезащитным покрытием, утепление, устройство вентиляционных шахт, тем самым грубо

нарушая санитарные нормы и правила РК. Учитывая изложенное, депутатская фракция ДПК «Ак жол» просит предоставить ответы на следующие вопросы:

1. Каким образом осуществляется контроль за практической реализацией программы модернизации ЖКХ?

2. Как контролируется качество, соблюдение стандартов применяемых материалов и выполненных работ, а также выполнение обязательств подрядчиков в течении гарантийного срока?

## «АК ЖОЛ» ВЫСТУПИЛ В ПОДДЕРЖКУ СЕЛЬХОЗПЕРЕРАБОТЧИКОВ

«Ак жол» выступил в поддержку сельхозпереработчиков – соответствующий депутатский запрос фракции в адрес министра сельского хозяйства озвучил Ерлан Барлыбаев.

В качестве примера депутат привел ситуацию в производстве масел. Так, в настоящее время уполномоченным госорганом обсуждается вопрос об отмене субсидирования масличных культур. Данное изменение повлечет увеличение вывоза переработанного сырья и снижение переработки и экспорта готовой масложировой продукции.

И это – несмотря на то, что у нас в этой отрасли работает целый ряд современных производств, которые будут обречены на простой и потерю рынков.

Барлыбаев напомнил, что в Послании Президента четко обозначена задача по обеспечению переработки сырья и выходу на мировые рынки с высококачественной готовой продукцией и что для достижения данной цели необходимо «кардинально переориентировать весь АПК на решение этой задачи. Это решение непременно даст новый импульс развития перерабатывающей промышленности в АПК».

«И что же делает уполномоченный орган в ответ на Послание Главы Государства?»

Прямо противоположное: не предусмотрев никаких защитных мер по предотвращению утечки сырья за рубеж, стимулирует экспорт сырья и снижение его переработки в стране», – отмечается в запросе.

По мнению «акжоловцев», внешняя конъюнктура и без того способствует



повышению спроса на масличное сырьё: так, Китай объявил о введении пошлин на ввоз американской сои, Узбекистан освободил своих производителей от НДС (20%) на переработку импортного масличного сырья.

«Получается, мы не хотим поддерживать собственную переработку и целенаправленно стимулируем свои масличные для чужих производителей?», – задается вопросом депутат.

Следует отметить, что казахстанские переработчики, даже в период действия программы субсидирования, и без того испытывают острый дефицит сырья, а в сложившейся ситуации им все сложнее конкурировать за сырье с экспортёрами сырья.

Как показала практика сезона 2017 года введение субсидии на масличные культуры дало им возможность в ходе заготовки сырья приобретать объемы,

необходимые только для минимальной загрузки своих производственных мощностей (порядка 47% или 932 тысяч тонн без учета потребностей планируемых к запуску новых производств).

В этой связи, фракция «Ак жол» считает целесообразным сохранить субсидии производителям масличных культур на продукцию, сданную отечественному переработчику.

В «Ак жол» считают, что аналогичные подходы могут быть рассмотрены и в других отраслях АПК, имеющих достаточные производственные мощности для внутренней переработки сельхозпродукции.

ДПК «Ак жол» и ее парламентская фракция продолжают работу по реализации предвыборной программы и защите интересов казахстанского бизнеса.



## ДАНИЯ ЕСПАЕВА ПРИНЯЛА УЧАСТИЕ В ГЛОБАЛЬНОЙ ПАРЛАМЕНТСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ В ВАШИНГТОНЕ

Дания Еспаева приняла участие в Глобальной парламентской конференции в Вашингтоне. Конференция с участием более 200 законодателей из 65 стран проходила 16-17 апреля т.г. на полях весенней сессии Всемирного банка (ВБ) и Международного валютного фонда (МВФ).

Казахстанский парламент представляла Дания Еспаева. Специальные сессии в штаб-квартире ведущего международного финансового института прошли с участием руководства МВФ и ВБ К.Лагарда и Дж.Кима.

В ходе конференции большое внимание было уделено вопросам налогообложения, создания платформы для обсуждения парламентариями актуальных вопросов незаконных финансовых потоков, занятости и др.

Пресс-служба ДПК «Ак жол»

# СЕНАТ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢҒА СҰРАҚ - КӨП, ЖАУАП - ЖОҚ...

...2016-жылдың мамыры. Жер дауының қызып тұрған кезі. Біздің үйге кешке қарай қоғамдық белсенді жігіттердің біреуі келді. Әңгімелесіп, шәй ішіп отырғанбыз. Бір уақытта қоңырау соғылғанға әйелім есікті ашып еді, үйге бір топ полиция қызметкерлері сау етіп кіріп келіпті. Олардың түрін біз екеуміз залда отырғандықтан әйелім ертіп кіргенде бір-ақ көрдік. Сөйтсем, олар қасымдағы жігітті шеруге шығармай 15 тәулікке қамау үшін іздеп жүргендер болып шықты. Іздеген адмдарының біздің үйде екенін ұялы телефонның қоңырауы арқылы тауып алса керек. Содан бәрі жабылып «бізбен бірге полиция учаскесіне жүріңіз» дейді оған. Ана жігіт «аяқ-қолымды байлап апармасаңдар бармаймын» дейді. Полицейлер жатып жалынады. Көнбейді ол. Бір уақытта оларға «көмекке» сырттан азаматтық формадағы орта жасар жігіт келді. Өзін маған «Бауыржан» деп таныстырды.



Мәжілістің аграрлық комитетінің төрағасы, депутат Берік Оспановтың айтуынша, «шетелдіктерге жер беруге тыйым салатын» бес жылдық мораторий мерзімі біткенге дейін жерге қатысты заң тағы өзгермек.

— Елбасының (Президент Н.Назарбаевтың — ред.) тапсырмасы мен Үкімет жоспарына сәйкес ауыл шаруашылық министрлігі және үкімет тарапынан комиссия құрылып, олар осы заң жобасын әрі қарай жетілдірудің, нақтылаудың жұмысын бастап кетті. Ол жұмыс тобы 2019 жылы жұмысын аяқтау керек деп мәлімделген болатын. Жер мәселесіне нүкте қою үшін жұмыс атқарылып келе жатыр, — деді Берік Оспанов.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев депутат сөзін жоққа шығарған жоқ. Ол «шешім қабылдарда қоғам пікірі ескеріледі» — дейді.

— Мораторий біткенше [жерді шетелдіктерге беру мәселесіне байланысты] қоғаммен бірлесе отырып шешім қабылданады. Қалай түсінбейсіздер?! Оған дейін елдегі ауылшаруашылық жерлер өлшеніп, шекара сызықтарын айқындау жұмыстары, мониторинг өткізіледі, — деді Ерлан Нысанбаев.

Ауыл шаруашылығы вице-министрінің сөзінше, мораторий Жер кодексінің «жерді меншікке сатуға, шетелдіктерге жер беруге» қатысты 24, 27, 34, 97, 101-баптары мен жекелеген нормаларына тоқтау салады».

Ал, 24-сәуір күні Сенат баспасөз қызметінің жетекшісі Әділбек Қаба әлеуметтік желіде төмендегідей мәлімет таратты (постты қысқартып беріп отырмыз):

«ЖЕР САТЫЛМАЙДЫ, ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ЖАЛҒА БЕРІЛМЕЙДІ ЖӘНЕ ЕШКІМ ҚОЛ СҰҒА АЛМАЙДЫ».

Сенат ауыл шаруашылығы жері туралы осындай өзгерістермен Жер туралы заңды қабылдады.

...Депутаттар — өз елінің патриоттары. Ұлттық мүддені, мемлекеттік мүддені, халықты ойлайды. Олар да халықтың бір бөлшегі. Ертең сол жерде олардың да балалары мен немерелері өмір сүретін болады. Сондықтан, ел мүддесіне немқұрайды бола алмайды, құқықтары жоқ. Олар халықтан биік тұрған жоқ. Олар халықтың, мемлекеттің қызметшілері. Сондықтан, Халық пен Парламент біртұтас ұғым. Заң қабылданғанға дейін депутаттар аймақтарға сапармен барып, халықтың пікірін тыңдады, ұсыныстарын

жинақтады. Жерге қатысты ұлт патриоттары мен өзге де қоғамдық ұйымдардың пікірлерін, ашық хаттарда, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде айтылған ұсыныстар мен тілектерді ескеріп, негізге алды. Сенаттың тұрақты комитеттерінде талқыланып, олардың ұсыныстары ескерілді.

Осының негізінде ауылшаруашылығы жеріне қатысты Жер туралы заңға біршама өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ЖЕР ЕШҚАШАН ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙТЫНЫ, ШЕКАРАЛЫҚ ЖЕРЛЕР ЖАЛҒА БЕРІЛМЕЙТІНІ, ОНДА ЕШБІР ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАР ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТ ЕТЕ АЛМАЙТЫНЫ тайға таңба басқандай етіп нақтыланып жазылды.

...— мемлекеттік шекараның шекаралық белдеуінде орналасқан ауыл шаруашылығы алқаптары ешкімге берілмейді, тек жергілікті халыққа жайылым, шабындық ретінде ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

...мораторийда белгіленген бұрынғы шектеулерден басқа, тағы да қосымшаретінде, шекара маңы аумақтарында орналасқан жер учаскелерін шетелдіктерге және құрамында шетелдіктердің үлесі бар қазақстандық заңды тұлғаларға беруге тыйым салатын нормалар қарастырылды;

шетелдік азаматтар мен некелескен қазақстандық азаматтарға дәл осындай шектеулер белгіленіп отыр;

— бұдан басқа қазақстандықтарға уақытша пайдалануға берілетін ауылшаруашылығы жерлерінің шекті көлемін белгілеу;

— ауылдық жерлердегі халықтың малын жайылымдармен қамтамасыз ету;

— ауыл тұрғындарын жеке тұрғын-үй құрылысы үшін жер учаскелерімен де қамтамасыз етуге бағытталған нормалар қарастырылған.

Әрине, қаралып отырған заң жобасы жер қатынастары саласындағы бұрыннан қордаланып қалған барлық мәселелерді бірден шешіп тастайды деп ойламаймыз. Дегенмен, осы заң жобасы мораторийде белгіленген «өтпелі кезеңдегі» мәселелерді шешуге толықтай мүмкіндік береді десек қателеспейміз».

Әділбек Қаба әлеуметтік желіде аталмыш постқа 24-сәуірден бері қойылған сұрақтарға назар салып, қаперге алмайтындай. Біз халық өзін мазалаған нақты сұраққа, оның ішінде Дос Көшім секілді қоғам қайраткерлерінен де нақты жауап алуға қақылы деген оймен олардың біразын жариялағанды жөн көрдік.

**Раушан Қалмомынұлы:**

Жерді өкімет сата алмауы мүмкін ал жеке тұлғалар сатпасын деген бап мүлдем жоқ сонымен бірге банктерде кепілде тұрған жерлерді сатуға тиым атымен жоқ сол үшін алдаудың қажеті жоқ. Сатылма-сын деп нақты жазылмаған соң сатады және сатып та жатыр. Құрамында тек қана өз азаматтарымыз, бірақ қожайындары шет елдіктер болса оған тиым жоқ және мына заңның мораторий жарияланған төрт бапқа тіпті қатысы жоқ. Әу бастан халықтың жаппай наразылығы сол төрт бапқа қарсы болған еді, ал мыналар көзбояушылық қылып ол баптарға мүлдем тиіскен жоқ, сондағы бітіргендері шекара аумағындағы жерлерге ғана шектеу қою, ал қалғанын қалағанша сата бер.

**Жаңабек Нар Әдеке:**

Жер шетелдіктерге ауылшаруашылығына ғана емес, өндіріс пен полигонға да берілмеуі тиіс. Дамыған елдерде инвесторлар тек тапқан табысын иеленеді екен. Жер, ғимарат мемлекеттің меншігінде қалады.

**Қатауов Талғат Тұрсынғалиұлы:**

Автор Әділбек Қаба шекара маңындағы жерлер ғана шетелдіктерге сатылмайды және берілмейді деп жазып, халықты адастырып отыр. Мораторий біткенше шекарадан алыс аймақ пен өңірден шетелдіктерге жерлер 25 жылға жалға беріледі Жер кодексі бойынша, ол бапқа еш өзгеріс енгізбеді:

**Buribay Karten:**

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЖЕР ЕШҚАШАН ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙТЫНЫ, ШЕКАРАЛЫҚ ЖЕРЛЕР ЖАЛҒА БЕРІЛМЕЙТІНІ, ОНДА ЕШБІР ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАР ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТ ЕТЕ АЛМАЙТЫНЫ тайға таңба басқандай етіп нақтыланып жазылды» дейсіз. Күмән тудыратын бұлдыр сөйлемдер екен! Ауылшаруашылығына қатысты жер сатылмайды да қатысы жоқ жерлер сатыла берілетін боп тұр ғой сонда.

**Кушкинбай Ахметов:**

Жердің шетелдіктерге жалға берілмеуі туралы бір сөз жазылмапты.

**Мақсат Илиясұлы:** Шетелдік жеке тұлғалар, азаматтығы жоқтар жерді жалға ала-алады. Сенбесеніздер жоғарыдағы мәлімдемені жақсылап, мән беріп оқыңыздар. Онда екі жерде «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЖЕР ЕШҚАШАН ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙТЫНЫ, ШЕКАРАЛЫҚ ЖЕРЛЕР ЖАЛҒА БЕРІЛМЕЙТІНІ, ОНДА ЕШБІР ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАР ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТ ІСТЕЙ АЛМАЙТЫНЫ тайға таңба басқандай етіп нақтыланып жазылды» — дейді. Шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқтар шекаралық емес жерлерді жалға ала алады деген сөз. Жалпы шетелдіктердің жерге ие болу жолдары көп және ол бірнеше заңдарда нақты көрсетілген. Халайық, алданбаңыздар.

**Айдын Ереубаев:**

Егер осы айтқанның бәрі шын болса Астана қаласында неге біздермен кездесуден қашқақтадыңыздар?...

**Айгуль Карибжанова:**

Дос Көшім аға неге үндемей жатсыз, түсінбей жатқанымызды бізге қарағанда көп білесіз ғой, сенейік пе? Сенбейік пе? Алданып отырған жоқпыз ба?

**Қызай Бейсен:**

Сонда «мен не деймін, домбырам не дейді» дегендей Әділбекке сенеміз бе? Талғатқа сенеміз бе? Әлгі елге ант бергіш Мұхтар Тайжан неге үнсіз, қазақтың қаймағы неге үнсіз, жоқ оларға жердің керегі жоқ па?

# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СНАСЫ ЖЕҢЕДІ

Тілдік ұлтшылдық – лингванационализм қазақ үшін бірінші орынға шығып келеді. Қазақстанда қазір екі конфликт орын алды: Ер Доған (Оғыз Доғанды айтамыз) атты түрік азаматы қазақ тілінің құзырын қолдайды. Ер Доған қазақ тілінің тағдыры үшін соғысып жүрсе, оған орысшыл Танирберген Бердоңғаров білек сыбана қарсы шығуда. Тәңірберген Бердоңғаров – қазақ тілінің күшеюіне қарсы адам, орысшыл жігіт. Екінші конфликт:

қазақ қызы Жұлдызай (Жұмаділдаева) Форт пен белгілі журналист Гүлжан Ергалиеваның арасында өрбүде. Жұлдызай (Жұмаділдаева) Форт – ол да мемлекеттік тілдің Қазақстандағы құзырын жақтап, Фейсбукте мақала жазып жүр. Ал, ақын Хамит Ергалидың қызы Гүлжан Ергалиева болса, Оғыз Доғанның ізіне шам алып түсіп, қазақ тілді қауымды ғайбаттауда. Ер Доған мен Жұлдызай (Жұмаділдаева) Форт екеуі де өз ойларын Қазақстандағы

Фейсбукте жариялап, қазақтың ұлттық санасын оятып келеді. Қысқасы, кім бұл виртуалдық шайқаста жеңеді? Меніңше, қазақтың ұлттық санасы жеңеді, қазақтың тілі қосымша саяси виртуалдық қолдау табады. Бұл шайқас қазақ тіліне өте керек. Бұл шайқас лингвалтшылдарға тиісті мобилизация береді.

Әзімбай ҒАЛИ  
Abai.kz

## ӘУЕЖАЙДАН ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІ КЕРІ ҚАЙТАРҒАН ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ САУАТСЫЗ БА, ЖАУАПСЫЗ БА?!

Бүгін редакциямызға Қытайдан Қазақстанға біржолға көшіп келіп, Қазақстан азаматтығын алған Нүрсейіт есімді азамат хабарласып, басындағы ауыр жағдайдың жай-жапсарын түсіндірді. Нүрсейіт Төлегенұлы (суретте) 1986 жылы ҚХР, ШҰАР, Мори ауданында дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Тасқарасу ауылы, Жанысбаев көшесі 10-үйде тұрады. Әйелі Жайнагүл Ғажапқызы – Қытай Республикасының азаматы. Екеуінің отасқандарына 2,5 жыл болған. Бір жарым жаста ұлдары бар. Жас жұбайлар Египет Ислам Республикасында, Мысыр қаласында білім алған.

Әйелімді сол жерден Мысырға қайтарып жіберді. Тіпті, әуежайда 1 тәулік те тұрғызған жоқ. Мысырға ұшатын ұшаққа отырғызып жіберді.

Сөйтсек, Ықтиярхатпен жүрген адам 6 ай сайын Қазақстанға кіріп тұруы керек екен. 6 айдан асып кетсе, Ықтиярхаттың күші жойылады екен.

Әйелім өзі жолсоқты болып, қатты ауырып келген еді. Шекара бақылаудан өтетін кезде, түрін тексеру үшін камераға қарап тұрады ғой. Сол жерде құлап қалды, тіпті. Содан әуежайдың жедел дәрігерлік көмек көрсету қызметіне жүгіндік. Олар бастан-аяқ тексерді. Шынымен де Жайнагүлдің денсаулығы нашарлап кеткенін сол жердегі дәрігерлердің өзі айтты. Шекарадағылар оған да қараған жоқ. Оның үстіне әйелімнің аяғы ауыр еді. Мына ұлым болса 1,5 жаста ғана.



(Ұлы Ақжол Нүрсейітұлы)

Мен сол жердегілерден сонша жалынып сұрадым. Ең құрығанда кешке дейін күте тұрыңдаршы дедім. Осы жақтағы аға-бауырларымынан мән-жайды білейін дедім. Оған да қараған жоқ. Құдды қылмыскер секілді, әуежайдан қайтадан Мысырға қайтарып жіберді. Мысыр әуежайына жеткен соң әйелімді Қытайға ұшырып жібереді. Ал Қытайға барған соң, оның қамалып кететіні белгілі. Көмектесіңіздерші, енді не істейін? Бұлай болмайды ғой. Біз оқуымызды аяқтап келдік. Енді әйелім де Ықтиярхатты аяқталғанда азаматтық алып үлгерсе, осы жердегі үйімізде тұрсақ деп келдік қой. Сонда адамның жағдайына қарамай ма шекара қызметкерлері? Жүкті әйел. Өзі ауырып келген. Бір жарым жасар балам ол



шырылдап жылап тұр. Ал сақшылар әлгі жерде бізді екіге айырып әкетті.

Біз мәселенің мән-жайын сұрап, Алматы қалаласындағы Көші-қон қызметіне (Қарасай мен Байтұрсынов көшелерінің қиылысында орналасқан) бардық. Бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат беріп, болған оқиғаның жай-жапсарын түсіндіру үшін арнайы рұқсат керек екен. Ол рұқсатты Салтанат Әзірбек ханымға хабарласып қана алуға болады екен тағы. Дегенмен, Көші-қон қызметі басқармасы бастағының орынбасары Ермек Қанағатов мырза кейбір мәселелерді түсіндіріп берді.


«Қазақстан Республикасының Көші-



қон туралы заңының 49-бабына сәйкес, Ықтиярхат иесі 183 күннен, яғни 6 айдан астам уақыт ішінде Қазақстан аумағында болмаса, онда Ықтиярхат автоматты түрде жарамсыз болып табылады. Сіздердің жағдайда, әйеліңіз Қытай азаматшасы екен, яғни Қытайға барып, визаға қайта өтініш жібереді. Тіпті, Ықтиярхатты қайта қалпына келтіруге де болады. Ол

Түйін. Сонымен, Жайнагүл Ғажапқызының Ықтиярхатының мерзімі 2021 жылға дейін жарамды болып шықты. Алайда Қазақстан аумағынан тыс жерде 183 күннен артық уақыт жүргені үшін Алматы әуежайындағы шекаралық бақылау қызметі Жайнагүлді елден депортациялап отыр. Жайнагүл қазір Мысырға қайтарылды. Ол жақтағы жергілікті билік Жайнагүлді Қытайға депортациялайтыны тағы түсінікті. Қытайда Жайнагүлді не жағдай күтіп тұрғаны екі бастан белгілі. Ал мұнда көзі бозарып күйеуі қалды. Шырылдап жылап 1,5 жастағы ұлы қалды.

Нұрғелді ӘБДІҒАНИҰЛЫ  
Abai.kz



(Жайнагүлдің 02.05.2018 жылы 03:20-да Алматы әуежайына ұшып келгендігін растайтын ұшақ билеті)

Бүгін, 2018 жылдың 3-мамыры күні, таңғы сағат 03:00 ( таңғы үштен өткенде) шамасында олар Мысырдан Алматы әуежайына ұшып келеді. Нүрсейіттің өзі, әйелі және баласы үшеуі. Сөйтіп, шекаралық бақылаудан өтіп жатқан тұста Жайнагүлдің Қазақстанда жүріп-тұруға арналған Ықтиярхатының жарамсыз екені анықталған. Сол себепті, Нүрсейіт пен 1,5 жасар ұлы Қазақстанда қалып, Жайнагүлді Шекаралық бақылау қызметі келген бетімен Мысырға қайтарып жіберіпті.

**Нүрсейіт Төлегенұлы:**

–Мысырдағы ал-Ақса университетінде оқуымызды аяқтап келген бетіміз осы еді. Бүгін таңғы 03:00 шамасында Алматы әуежайына келіп қондық. Жұбайым Жайнагүл Қазақстан азаматтығын алып үлгермеген. Ол – Қытай азаматшасы. Ықтиярхаты бар. Ықтиярхаттың жарамдылық мерзімі 2021 жылы аяқталады. Ықтиярхатты Көкшетау жақтан алған едік.

Содан кедендік бақылаудан өткен кезде мені мен ұлымды өткізді де, әйелімді кері қайтару керек деді. Ықтиярхаттың жарамсыз екені анықталды. Бізге солай деп айтты. Қазақстан аумағында 183 күннен астам уақыт болмағандықтан, Ықтиярхат автоматты түрде жарамсыз деп танылған деді. Сөйтіп,

1941–1945 жылғы Ұлы Отан соғысының ауыртпашылығы тылдағыларға оңай тимеген. «Бәрі майдан үшін!» деген ұранмен еңбек еткендер Жеңіс күнін жақындатып, өздерінің үлестерін қосқаны белгілі. Әр отбасы жұмыс істей жүріп, майданға жылы қолғап пен шұлық тоқып көмектерін бергені рас. Ал тікелей жоғары жақтың арнайы тапсырмасымен жұмыс істеген жұмыс орындары болғандығын көбіміз білмейміз де.

Алматы облысы Кеген ауданында және Райымбек ауданының Нарынқол ауылының күн батысындағы тау етегінің Ақбұлақ сайындағы «Промкомбинат» деп аталып кеткен ауыл солардың бірі. Соғысқа дейін ол жерде Байынқол өзенінің мол суын пайдаланып, су пилорамы жұмыс істепті. Онда таудан әскерилер қарағай жығып, тақтай тілген.



# СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТЫЛ ТАУҚЫМЕТІ

Тілінген тақтай Кеңес-Қытай шекарасындағы заставаларды құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіпті. Пилорам қасында казарма мен өгіз қора ғана болған екен. Соғыс басталып, елдегі ауыр жағдайдан кейін жоғары жақтан арнайы шешім шығып, майдандағы жауынгерлерге жылы киім, пима-байпақ, күртеше, тон және басқа киімдер тігу үшін өндіріс орынын ашуға тапсырма келген. Аудандық әскери комиссариат арқылы қолынан іс келетін ісмер шеберлерді соғысқа жібермей бронь беріп, еңбек майданына алғызыпты. Әр ауылдан қолдарынан іс келетін отызға жуық отбасыны көшіріп әкеліп, пима-байпақ басатын, киім тігетін, жүн жуу, тері илейтін және ағаш бұйымдарын жасайтын цехтар ашқан. Таудан қарағай кесіп, тақтай тілетін жұмыскерлері де жұмысқа алынған. Сол жылдардан бастап, бұл жерді ел «Промкомбинат» деп атап кеткен екен. Соғыс аяқталғанша «Промкомбинатта» қайнаған еңбек әскери тәртіпте бағынып, майдандағы жауынгерлерге бар көмегін беріпті. Шикізатты әскерлер қамтамасыз етіп, жұмыстың тоқтамауын қамдалаған. Әкелінген жүн мен теріні тазалап жуып, түтіп, пима бас-са, терілерде илеп, тон, қолғап, бас киім тіккен. Тәртіп бойынша жұмыс ертеңгі сағат 8-ден түнгі 22-ге дейін жалғасқан. Өз істерін жетік білетін небір шеберлер жұмыстың ырғағын тоқтаусыз жүргізіпті. 1942 жылдың қаңтарында «Соц. қазақ» колхозынан көшіріліп әкелген Темірбек Тойшиев әйелі Сүлейхан, балалары Құдайберді, Нұр, қызы Мария соғыс біткенше «Прокомбинатта» жұмыс істепті. Темірбек 13 жасар баласы Құдайберді екеуі пима-байпақ басу цехында 20-ға жуық жұмыскерлермен пима басқан. Жастайынан әкесіне көмекші болған өрімдей Құдайберді өз кәсібін жақсы меңгергендіктен, көп кешікпей цехты басқарып, еңбек етсе, оның 9-10 жасар інісі Нұр және ағаш цехының бастығы болған Дәуітәлі Сауданбековтің баласы Жұмағазы Сауданбеков те да пима цехында жүн түтетін 3 барабанды машинаның тұтқасында тұрып, септіктерін тигізген. Киім тігін цехында да 20-ға тарта әйелдер Сүлейхан мен Мария тон, күртеше, қолғап, бас киім және жылы киімдер тігіпті. Оны текестік Әлімбаев басқарған. «Промкомбинатқа» отбасымен қақпақтық Сұлтанбай Тасыбеков, Батыбай Құрманбаев, жамбылдық Жұмаділ Жарылғапов, сарыбастаулық ағаш ұста Рысбек, кегендік Сағынбай, шалкөделік Әділ Ысқақов, Дәуіт Есенов, Ахмет Шотбаев, нарынқолдық Дәуітәлі Сауданбеков, Қинаш Қанапияев және басқаларда әр цехта еңбекке араласып, жұмыс жасапты. Жалғыз басты әйелдерде жұмысқа



тартылып, комбинаттағы бар жұмысқа бір кісідей араласыпты. Комбинатта жұмыстың ауыр болғаны соншалық, түскі үзіліс пен кешкі үзіліске бір сағат беріліп, күнделікті тапсырманы орындау үшін аянбай жұмыс істеген. Дайындалған киімдер мен тілінген тақтайларды кешке қарай әскери машинамен алып кетіп отырыпты. Ең ауыр жұмыс таудан қарағай құлатып, өгізбен қарағай тартып, су пилорамға жеткізу оңайға соқпаған екен. Тақтай тілуде ер адамдармен бірге әйелдер де істепті. Сейілхан Құлымбетова, Сүйімхан Сембаева, Бүбіхан, Шайымхан Теңгебайқызы, Бағай Діғарбекова, Нұриха Тоғанбаевалар пилорамда еркектерше қимылап, ауыр еңбекте жүрген. Жоспар орындау кезінде екі кезекте, кейде тәулік бойы тақтай тіліп, өгіз арбалармен жұмыс жасаған күндері де аз болмаған. Жұмыстан себепсіз қалу, сұранып кету, ауырып, не болмаса келмей қалу атымен болмаған. Себепсіз қалғаны үшін 3 ай, немесе 6 айға дейін соттап та жіберген. Жұмыс «Бәрі майдан үшін!» деген ұранмен жүріп, аптаның жексенбісінде демалыс беріліпті. Ол күні әскерилер соғыстың қалай жүріп жатқаны туралы ақпарат беріп, майданды жағдайынан хабардар етіп отырыпты. Жұмысшылар үшін арнайы дүкен ашылып, жан басына шағып, зығыр майы, қара бидайдың ұны, консервіленген балық, ет те берілген, бірақ бәрі өлшеммен шектелген. Соғыстың зор ауыртпашылығын өз иықтарымен көтере білген жұмыскерлер майдан үшін, жеңіс үшін күн-түн демей еңбек етіпті. Олардың қолдарынан шыққан пималар мен тоңдар, қолғаптар мен шұлықтар, жылы киімдері Жеңіс күнін жақындатса, жауынгерлерге зор көмек болған екен. Тылда майдан үшін еңбек еткен ауыл жұмыскерлерінің

еңбектері үкімет тарапынан бағаланып, марапатталыпты. Сұрапыл соғысқа көмек беру жолында еңбек еткен пима-байпақ басатын цехта жұмыс істеген әкелі — балалы Темірбек Тойшиев пен Құдайберген Темірбековті КСРО Жоғары Кеңесі Президумының 6-маусым 1945 жылғы Жарлығымен «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.г.» медалімен марапаттаған болса, Темірбек Тойшиев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасына ие болған. Тігін цехында жұмыс істеген Сүлейхан Тойшиева мен Мария Темірбековаға майданға көмек берудегі еңбектері үшін іс тігетін машинасын беріпті. Басқа да жұмысшылар да түрлі марапаттар мен сыйлықтарды иеленіпті. Өндіріс комбинатында ата-аналарымен бірге балалық жастық шағын жоғалтып, ерте есейген балалар да аз болмаған. Жұмағазы (9-10 жаста), Исатай (12-13 жаста) Сауданбековтер, Құдайберді (13 жаста), Нұр Темірбековтер (9-10 жаста) және басқалар да майданға зор үлестерін қосқан. Олардың бірі пима басуда, енді бірі ағаш өндеуде, киім тігуде, жүн жуып, тазалау цехын да жұмыс істеп, әкешелерінің қасында жүрген.

Соғыстан кейін мұндағы комбинат мемлекеттік өндірісі болып қайта құрылып, директорын сайлапты. Күні кешегі ауыр тіршілік артта қалып, жаңа өмірге бет бұрған. Соғыс жылдары көшіріп әкелген отбасылар келген жақтарына кетіп, майданнан аман-есен оралғандар олардың орынын басқан. Ауданда соғыс кезінде құрылған «Алтынкен» мекемесі таралып, ондағы көптеген жұмысшылар «Промкомбинатқа» отбасымен босаған үйлерге кіріп, жұмысқа тұрыпты. Тақтай тілетін су пилорам аудандарға тақтай тіліп, құрылыс ма-

териалымен қамтамасыз етсе, су диірменде елге ұн тартып жұмыс істеген. Соғысқа дейінгі кішкентайлар есейіп, жаз айында кірпіш құйған. Олардың құйылған кірпіштерін қыста Иван Карчин күйдіріп, кірпіш жасап, құрылысқа пайланған екен. Карчиннің балалары Иван мен Анатолийдің еңбекқорлығы комбинат пен Нарынқолға белгілі болыпты. Таудың ақ тасын күйдіріп, известь өндірген Жұмаділ Жарылғапов та көп еңбек сіңіріпті. «Промкомбинат» қайтадан өндірістік мекеме болып құрылғаннан соң, жұмыскерлерге айлық төлеп, ақша бере бастауы елдің тұрмысын түзеген. Дүкен ашылып, азық-түлік пен киім-кешекпен қамтамасыз ету де жолға қойылыпты. Сол жылдарды көзімен көргендердің айтуыша, соғыс жылдары мектепке бармай, цехта әкешелеріне көмекші болғандар оқуларын жалғастырып, орта білім алғандар да болған. Солардың ішінде Жұмағазы Сауданбеков пен Нұр Темірбеков екеуі де Нарынқолда 10 жылдық мектепті бітіріп, бір жылдай комбинатта жұмыс істеп, таудан қарағай жығып, еңбек еткен. Кейін КазМУ-ды бітіріп, мектепте мұғалім, ауданда партиялық қызметтерде жұмыс атқарған. Соғыстан кейін ес жиған ауылдың бастауыш мектебі де ашылып, 1-4-сыныпқа балалар барып, білімнің есігін ашқан. Сол бір ұмытылмас күндердің алғашқы мұғалімдері Шура Келекева, Жалғас Келдібекова, Әбділдә Тұңғышбаев, Жанәбіл, Құдайберді Темірбековтер ұстаздық еткендерін оқушылардың есінде қалғаны әлі де айтылады. Жаңадан бала-бақша ашылып, Шайым Сауданбекова мен Айша Келекева тәрбиеші болған жылдарда ауыл үшін қуанышты болған.

Комбинат соғыс уақытысында майдан үшін еңбек еткен болса, бейбіт өмірдегі негізгі жұмысы аудан шаруашылықтарын ағаш материалдарымен қамтамасыз етумен айналысыпты. Таудан күніне 2 рет қос өгізбен қарағай түсіп, пилорамда тақтай тілу жұмысы елдің әлеуметтік жағдайын көтерген. Ағаш цехын басқарған Дәуітәлі Сауданбеков ағаш шеберлері аудан мектептеріне парта, есік, терезе жасаумен айналысып, өздерінің көмектерін берген екен. Оның баласы Исатай да шеберлігімен танылып, құрылыс жұмыстарының ең керекті тапсырыстарын орындапты. Пима басу цехындағы әкелі-балалы Темірбек пен Құдайбердінің қолынан шыққан ақ пималарын аудан, колхоз басшылары арнайы тапсырыс беріп киген. Ал тігін цехында тігіншілердің киімдері де елдің қажеттілігін өтепті. Олардың тіккен китеддеріне сұраныс көп болыпты.

Соғыс жылдарында дүниеге келген балалардың мектепке барған қадамдары олардың жақсы азамат болып қалыптасуына жарқын жол ашқан. «Промкомбинаттың» бастауыш мектебінен білім алғандардың арасында ел құрметіне бөленген зиялы азаматтар аудан емес облысқа танылыпты. Ал елімізге танымал тұлғалардың ішінде белгілі мүсінші Құрақбай Егізбаев, Ресей мен ТМД елдеріне көрнекті ғалым, биолог ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу облысы Ступен ауданының Құрметі азаматы, Бүкіл Одақтық өсімдік (ВАСХ-НИЛ) институтын басқарған, Темирязов атындағы алтын медальдың иегері Сұлұхан Темірбекова «Промкомбинатта» білім есігін ашып, балалық шақтарын өткізіпті.

Міне, біз сөз еткен «Промкомбинат» ауылы соғыс жылдарында ауданда майданға бірден-бір көмек берген өндіріс орны болғанына аз да болса да жеткіздік. Соғыс аяқталып, 1955 жылға дейін шағын ауыл болған «Промкомбинат» кейін тарап, ондағы ел Нарынқолға қоныс теуіпті. Бұл күнде «Промкомбинаттың» орыны ғана бар. Бір кезде тақтай тілген су пилорамасының орнымен, су диірменнің тасынан басқа жерлер қазір төмпешік ғана. Ал ол жерде дүниеге келгендер қазір 70 пен 80-дегі көнекөз қариялар.

Ол бірге оқитын студенттер арасынан бөлектенбейтін. Сұрақ беріп, сөйлеп дегендей... Тіпті, қатар отырған көршілерімен де сыбырласып, сөзге бара бермеді-ау деймін. Ештеңеге араласпай, өзімен-өзі отыратын.

Мұндай студенттер олардың арасында аз емес еді. Бірақ Табылдың бір өзгешелігі байқалатын. Соңғы орындықтардың бірінде отыратын және үнемі әлдеқандай ойлар құшағында жүретін.

Ұйқысы қанбаған немесе шаршаған адамдай көрінетін маған. Алайда сабақтан қалмайтын.

Бірде қатар жүрген достары оның өлең жазатынын, шығарған әндері бар екенін және оны өте жақсы орындайтынын айтты. Бірақ бұған көп таңдана қойғаным жоқ. Ол жылдарда журналистика факультетінің студенттері арасында, той басқаратын асабалар мен домбыра, гитарамен өлең айтушы студенттер аз емес-ті.

Солардың бірі шығар дедім де қойдым.

# «Тірлікті мынау – мәңгілік»

## Табылды Досым туралы сыр

Бірде реті келгенде:

– Жағдайың қалай? Бірденеге мазан болмай жүр ғой? – деп сұрадым.

– Жай, әншейін. Студенттің беймаза тірлігі ғой, – деп жауаптан жалтарды.

– Сені гитарамен жақсы өлең айтады деп жүр ғой.

Бұған айтқан Табылдың жауабын естігенім есімде жоқ.

Ұнатпағанын байқадым.

Бетіме қабағын түйіп, бәлкім, кейіп, жақтырмай карап тұрды да, сәлден кейін ыңғайсыздау жымыып:

– Жай өлеңдер ғой, – деді.

– Сабақтарға неге қатыспай отырасың?

– дедім, әңгімені жалғау, Табылды сөйлету үшін.

– Қатысып жүрмін ғой, – деді жаратпай, қабағын түйіп.

– Белсенділік таныту керек емес пе, сендердің қазір жанып тұратын шақтарың ғой. Басқа немен айналысасың?

– Ештеңемен.

– Бірдеңе жазасың ба?

– Баға алу үшін жазамыз ғой, – деді ойланғандай...

Ол бұрылып жүре берді. Артынан карап тұрып, осы студенттің бойында әлдеқандай жұмбақ барын байқадым.

Арада біраз уақыт өткен соң Табылмен бір тойда кездестік. Ол асабалардың бірі екен. Күтпеген кездесуден бе, әлде көңіл күйі жақсы болды ма, білмеймін, әйтеуір мені ағалап айрықша құрмет көрсетті. Оның өлеңдерін сонда естідім. Гитараға қосып, әуендерін теріп айтқан соң ба, білмеймін, құлақ үйренген әндерден өзгелеу қабылданды.

«Достары айтып жүрген Табылдың әндері» осы екен ғой деген ой келді.

Бірде іссапармен Орал қаласындағы М.Өтемісұлы атындағы университетке бардым. Ғабит Хасанов деген ғалым шәкіртіміз қарсы алып, қала аралатты, құрмет көрсетті. Қонаққа шақырған үйлерге мәшинесімен алып жүрді. Сонда магнитофонынан бір өзгелеу ән естідім. Менің көңіл аударғанымды аңғарды-ау деймін:

– Табылды білесіз бе? Сол кісінің әні ғой, – деді.

– Қай Табылды? – дей түстім де, гитара әуендерін естіген бойда. – Досымовты ма? – деп қайта сұрадым.

– Мынау ұнтаспасы...Тындаған шығарсыз.

– Жоқ, тындаған емеспін. Оның ұнтаспалары шығып па еді?

– Білмеймін. Бір таныстарымнан көшіріп алып едім... Жақсы орындайды, ойлы әндері көп, – деді.



Зинола-Ғабден БИСЕНҒАЛИ,  
филология ғылымының  
докторы, профессор

Оралдағы үш-төрт күнде Табылдың бірер әнін ғана тындадым.

Шынын айту керек, әндердің дыбыстық, музыкалық сапасы жоғары бола қойған жоқ. Бірақ мазмұны мен әуені, орындаушының өлеңге қатысы ұнады. Әркімнің көңілі мен ойында жүрген сырларды қозғайтын әуен.

Мазмұнға байланған әуендерді гитара шектерінен теріп, суыртпақтай отыра қосады. Асықпайды, аптықпайды, айғайламайды, сырласа жырлайды.

Бұрын Булат Окуджаваның әндерін көп тындағаным бар еді. Табылдың орындауындағы әндер әуені де ойға бастайды екен. Ұнтаспаға қарабайырлау жазылған қарапайым әндер автордың ерекше сезіммен орындауында жанды дйр еткізеді.

Ұнтаспаны мен де көшіртіп алдым.

Алматыға келген соң, Табыл әндерін көлікке қойып алып, асықпай тындауға кірістім. Бір күн, бір апта емес, талай айлап тындадым. Қарапайым бұл әндердің көңіл мен ойды билеп алар құпиясы қызықтырды.

Мені өлең мәтіні, ой мазмұны емес, тіпті әуен әлди де емес, орындаушы Табылдың осы қоспаға – ән мен саз өріміне қосқан үн өрнектеріндегі сыр еді. Мұқағалидың «Ұнатамын мен сені» өлеңінен басқа әндердегі сөз де, әуен де – Табылдікі. Ол ән мен әуен тудырудағы

майды. Желі, құйын-дауылы жиі соғады. Бәлкім, сондықтан шығар, теңізден, Еділ-Жайықтан т.б. өзен-көлдерден алыстау жерлердің шөбі-көгі аз, шабындығы шамалы. Бары жаздың алғашқы ыстығында-ақ күйіп кетіп, алабота мен сораң, жантақтан өзгелері қоңырқай тартып, жаланаштау көрінеді.

Табылдың өскен жері теңізден алыстау Дендер даласы – қыр өлкесі. Адамдары ыстық-суыққа төзімді, ойланып барып асықпай қимылдайтын, тапқандарын жоғалтпайтын, алмастырмайтын, қадірлеп, қастерлей білетін өлке.

Табылдың мінез-құлқында да өскен жерінің мінез-қасиеттері сақталған.

«Қыр баласы қол созады аспанға...» – деп жүргені сондықтан.

Табыл өзін қоршаған ортаға «көзілдіріксіз», біреулердің айтуы, нұсқаусыз, идеологиясыз өз таным-түсінігімен қараған тәрізді.

Бірақ оның бір өзгешелігі болды. Ол – ән, өлең әлеміне жақындығы, әншілігі. Сол өнері арқылы өзі де әлі айқын

бойын билеген сезімдер өрнектерін дауыс иірімдері арқылы қалай әп-әдемі жеткізеді.

Табылдың туған жер туралы өлеңдері замандастарының жырларынан сәл өзгелеу екен.

Атырауының табиғаты күрделі, тауы жоқ. Атырауда өскен Табылдың мінез-құлқында да туған жерінің табиғатына ұқсастықтар бар. Мұны оған жақын жүрген құрбы-достарының бәрі біледі.

Атырау – теңізбен қолтықтасып жатса да, жазы ыссы, қысы салқын өлке. Жауын тамбай кететін жылдары аз бол-

білмейтін, бірақ жан-дүниесі сезетін жұмбақтау бір ойларды қасындағы замандастарына жеткізіп көрді. Әншілігі сол кездегі көп орындаушылардан сәл де болса өзгелеу болды ғой деген ойдамын.

Табылдың гитара тарту шеберлігінде де өзіндік ерекшеліктер бар. Өйткені осы аспап оның ең жақын сырласар досы еді.

Ойға батып онаша қалғанда, әлденеге ызаланып ашуға булыққанда, қуанып тасығанда, қысқасы, барша ішкі-сыртқы толғаныстарына куә болды. Табыл оны мен сырласуды, сыйласуды үйренді.

Енді бойын бұған сезімдер шар-





пуы мен толқытқан ойларды, өзі де әлі айқындап алмаған буылдырлау күйлерді өзгеге жеткізуді гитара үніне тапсырды. Жан дүниесімен гитара үніндегі үндестікті іздеді. Көп іздеді, айлап, жылдап дегендей...

Ақыры тапты.

Сол арқылы әуелі өзімен, сосын достарымен, сырласып көрді. Содан кейін барып тындаушы көпшілікке жетті.

Жастық шақ тақырыбына жазған жырлары нақты бір уақиғаларға байланысты көтерілген көңіл күй әуендерімен қабаттаса келіп қанаттанып шыға келеді. Қатар жүрген құрбысына қызыға қарап құмар болу, құлай сүю, ғашықтық, өкпе, реніш, ерегес, алыстау, қоштасу т.б. тәрізді сезімдер... Бірақ та осы тақырыптағы өлеңдерінде ол өзге көрнекті ақындардың шығармаларын жиі қолданыпты. Орындау барысында оларға жаңа ырғақ, екпін жасап құбылта айтады. Ал саяси-әлеуметтік тақырыптағы жырларда бостандыққа, азаттыққа, егемендікке ұмтылған замандастарының, қазақ елінің арманы мен аңсарын жалғастырады.

Осы өлең-жырларында Табыл жанадан нені айтқысы келді екен деп ойлана бастадым. Әлеуметтік тақырыптарға арналған әндері мен өлеңдерінде замананың санаға салған салмағын бейнелеуге өз қабылдауларын қосады. Танымына сәйкес келмейтін құбылыс пен қайшылықты қатынастарды көбірек



# деме...»

айтады. Әлі дәстүрлі қабылдауға қиындау әрі жаттау болса да қоғамда, әсіресе өз замандастары арасында белең алып бара жатқан құбылыстарды ашады.

Табыл шығармашылығында көбірек қозғалып, мәнділеу орын алатындар, осылар екен. Бірақ тым аздау.

Өз дүниетанымына жақпайтындарын болмаса оған кереғар келетіндерін жырлауда секем алған жан-дүниесінің үрейіне қосатындай. Өз замандастарына қарағанда Табыл жырларының жалпы әуенінде әумесерлік айғай да, ойбай да байқалмайды. Көзіне түскен қораш уақиға құбылыстарды, естіген, білген, сезгендерін өз өрнектеріне түсіреді. Дүниетанымын астан-кестен қылған жаңа, жат қатынастардың, құбылыстардың, ақылға сыймайтын сұрқиялау, сұрғылт, сұйық сипаттарына түйіле қарап, тіксіне үн қату сияқты өлеңдер кездеседі. Бірақ осы тұрпатты жырлар астарында әлдеқандай жұмбақ, тіпті жұмсақ үндер де байқалады.

Табыл философияға әуестеу көрінді. Оның барша тақырыптағы өлең жырларында, әндері мен орындау саздарында бұл анық естіледі. Ұнамсыз құбылысқа ашу шақырып, айқайлап жатқан жоқ. Бәрін көріп отырып, қынжылады, қиналады, бірақ қирамайды. Оны орындалып отырған шығарманың соңғы шумағына қосылатын қыстырма сөздерден анық аңғарасын. Елді кейбір мәнсіз, мағынасыз ұсыныс, ұрандарға ұрындырып, әуреге салып қойған саясатқа, соны іліп алып, қоныраулатып шауып жүрген замандастарына өкінеді.

Өмірдің өткінші сипатын айтады. Дәл осы сәттерде «өмірмен қоштасу...», ойлағаны болмаған тірлікпен бақұлдасу тәрізі ауыр сезімдер әуендері де бар. Неге жап-жас адамның мынау арман өмірдің жалғандығын көптеу жырлайды деп ойға қаласын. Әлде нені ақын жаны, сірә, сезген екен-ау...

Табыл көңілін билеген көп ойларын, сезімдерін әндерді орындау барысында ақтарып салады. Өлең мәтінінің мазмұнындағы ойларға байланысты сезімдік қабылдауды әндерді орындау барысында әуен тілі арқылы жеткізеді.

Кейбір өлеңдердегі әуендердің өрнектері астарында тұрған ишара ойларды айқындау барысында, қайта-қайта орала тындауға тура келеді.

Көпшілік айта-айта әбден жауыр болған ойларға Табыл кірпияздау көзқараспен қараған екен. Әзіл, әжуаға айналдыра жырлайтындары да жеткілікті. Бірақ, ең бастысы, өзінің негізгі ойларын жеткізуде сөзге де, әуенге де, әуезге де талғампаздау көрінді. Оның өлеңдерінің де, әндерінің де көп болмауы, бәлкім, содан шығар.

Жазылған өлеңдердегі ойлардың сонылығы мен салмақтылығы, көркемдігі көңілде жақсы әсер қалдырады. Табылдың өлеңдерінде және орындау мәнерінде өзіндік стиль бар.

Ол қай өлеңді орындап отырса да, басты назар өлең мәтініндегі ойларды, сезімдер табын өзіндік қабылдауда болатындай. Содан бастау алатын әуен бірте-бірте бойды билеп, сезімдерді қайта қозғайтындай күйге жеткізеді. Ақын асықпайды, алқынбайды (мақсат ойды жеткізуде болады ғой деймін)

тындаушыны бірте-бірте ырғақпен тербеп, сол ән әлеміне тартып, еріксіз ойға жетелейді. Орындаушының басты мақсаты да осы-ау деген ойға келдім.

Табыл орындауындағы, бір қарағанда, мұндылау әндердің қатарласа жүріп, қабаттаса қозғалар дара айшықтары, аңғартар астарлы ойлары, шынайы сезімдері бар. Тіпті, осыны әуелі аңғармаған тындарман да біртіндеп алға шығып тұрған сөз, мазмұн әуендерімен қарсыласа, ерегесе көтеріле бастаған әуендерден әлденені сезіп, жұмбақтау ойларға бөленеді. Бұл ойлардың дәл сол сәттерде айқын білінбеуі де ғажап емес, бірақ тындаушының ішкі әлемінде айшықтала желбіреп ұмытылмайды. Сондықтан да «күндердің күнінде» еске түсіп қайта оралғаныңды білмей қаласын. Ол өлең мазмұнынан бөлектеу ойға бастай ма әлде соған жетелей ме, білмеймін.

Ғашықтық, махаббат жырларында өкініштер мен қоштасулар көріністерін бейнелей отыра, бәрі аяқталған, біткен тәрізді сәттердің енді жаңа бір уақиғалар, кездесулердің бастауы екенін сездіреді.



## ■ СОҒҒЫ ӨЛЕҢ

### Қаройға мені жерлетпе...

Алып кет мені ауылдан аға,  
Сені аңсап біраз шет жүрдік.  
Мен өмір сүрген қауымға қара, —  
Айналысқаны боқ тірлік.

Жанымды салма зарлатып отқа,  
Болмысым сені күтті әр күн.  
Алып кет мені Алматы жакқа,  
Азаптан сүйтіп құтқарғын.

Рәсуасы болып ессіз ғаламның,  
Дендерім — туған жерімде.  
Махамбет құсап бассыз қалармын,  
Қаройдың қара көрінде.

Қаройға мені жерлетпеші, аға,  
Дәру бол кесел — жарама!  
Көшір де, кенттік пендеге сана  
Алматы — әсем қалаға.

Сақи басыма намыс байланып,  
Жүргенде саған жолықтым.  
Кетермін бір күн арысқа айналып,  
Аға, сен содан қорыққын!

Табылды ДОСЫМ,  
қазақтың тұңғыш бард-әншісі

Ажырасу мен қоштасулардан қатты қиналып, қайғы жұтып отырса да, сөзге көшпеген ән әуенінде трагедиялық мәре жоқ. Бұл қиын, ауыр сезімдердің көптеген жастарды күйретіп салып, күйбең, күйкі тірлікке көшіретін сәттерін жырлауға ұқсамайды. Мұнда өмірге, болашаққа шақыратын үндер бар. Әнді тындап отырып әсіресе көңіл қоя қайта тындағанда, өлең мәтіні мен әуені арасындағы тайталасты аңғарасын, болашаққа, жаңа өмірді бастауға шақырған ұмтылыс үндері үдей түседі де, тындаушы жан әлеміне күш құятындай...

Әрине, ән, әуен мәнін жеткізу қиын, бірақ өлең мәтінін асықпай, ойлана, тоқтала, ән әуенін іштей қайталай оқысаңыз, көп нәрсені байқауға болады.

Жоғарыда жазғанымыздай, ән мен мәтін, әуез үндестігінде басымдық мәтін өзегінде тұрғандай көрінгенімен, әуен арқылы жететін сезімдердің мәні ерекше. Тындаушыны өлең мәтінінен өзге ойларға жетелер мүмкіндігі мол. Орындаушының қабаттасқан ойы, сезімдерге оранған дауысы мен орындау шеберлігі осыны анық көрсетеді.

Табыл әндері әркілі ойларға жетелейді. Тындау кезіндегі сәттерде бірден айқындап аңғара алмасаң да, бұлдырай жететін ойларымен қымбат Ол тындаушыға үгіт-насихат, ақыл айтып тұрған жоқ. Ойлануға ғана жетелейді.

Түрлі тақырыптарға жазылған өз өлеңдерімен қатар, көрнекті ақындар: Мұқағали, Фариза, Есенғали, Марат, Светқали т.б. шығармаларына жазылған жырларында да осы өзгеше қабылдау, өзінше жырлау әуендері жеткілікті. Көркем мәтін астарына көшкен ақындар сезімдерінің түрлі өрнектері Табылдық қабылдауда соны сипатта қайталанатын.

Табыл өлеңдерінің өзегіндегі көркем мазмұнның астары өрнектермен, оялармен танысу барысында оның танымына көшкен көркем қабылдауды үндестікке көшкен әуен өрнектерімен бейнелейтінін ұғасын. Орындаушылық өнер мен мәтінде тұрған сөз сикыры шеберлікпен үндесіп, тындаушы ой-сезімдерді жаңғыртады. Әрі ең маңыздысы — сол өлеңдерге өзі ән жазып, орындау барысында ақындар жүрегін тарбеген сезімдер сыры мен ойларға тосын, өткір өрнектер қабаттастырыла жырланады. Содан барып ойдан сезімге өтетін өзге әуен гитара үнімен жарасты үндесіп, тындарманға ерекше әсер етеді. Табыл гитарасын аккорд қуып сабаламай, өлең мәтінін өзіндік қабылдау ерекшелігімен үндестік сақтай тебірене, теріп ойнайды. Сол арқылы да тындаушы жүрегіне жол тауып, сезімімен сырласады. Өз тебіренісін тындаушы әсеріне ұластырады.

# АРМИЯ РК: рост финансирования и гибридная война

В Казахстане немало российских «троянских коней» в виде космодрома «Байконур» и военных полигонов, для охраны которых «при необходимости» Россия может ввести войска. Украинский синдром заставляет по новому оценивать российское присутствие в нашей стране, что должно вызвать поэтапное закрытие военных полигонов РФ у нас.

## ПОЧЕМУ ИДЕТ РОСТ ФИНАНСИРОВАНИЯ ОБОРОНЫ

В РК расходы на оборону зафиксированы на уровне 1% от ВВП. Звучащие высказывания в адрес Казахстана о чуть ли не возрождающейся милитаризации экономики — не более чем миф. 1% от ВВП — это скорее мало, чем много — во многих странах эта цифра больше.

В прошлом году независимый Казахстан принял пятую военную доктрину, с учетом украинского фактора. Документ отражает сдвиги в стратегии, как минимум частично направленные на устранение потенциальной угрозы со стороны «возможного агрессора». В нем острожно утверждается, что он является продуктом экспертного анализа военно-политической ситуации в мире и «изменения характера военных конфликтов». В частности, в списке основных угроз значится «усиление противостояния между мировыми и региональными державами в попытке изменить существующий мировой порядок».

До 2000 г. наши вооруженные силы испытывали определенные трудности становления и развития, а также в вопросе перевооружения.

Но Казахстан успешно преодолел период временной турбулентности и разрешил многие проблемы в плане становления мобильной, хорошо оснащенной современным оружием армии. Например, за минувшие три года наша республика увеличила расходы на оборону на 35% (с 2 млрд долларов в 2014 г. до 2,7 млрд долларов в 2017-м). Существенная доля средств направлена на перевооружение войск.

И в этом году в тенговом выражении идет рост финансирования: на оборону выделяют 517,1 млрд тенге. Из них 473,3 млрд получит Министерство обороны, а остальное — 43,8 млрд — Министерство внутренних дел на предупреждение и ликвидацию ЧС природного и техногенного характера.

К 2020 г. сумма оборонных затрат достигнет 677,2 млрд тенге, из них 636,5 млрд получит Минобороны. А МВД в расходах потеснит — на ЧО оно получит примерно 40,7 млрд, то есть меньше, чем в 2018-м.

Столь заметный — на треть — рост военных расходов объяснила эксперт Института мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК Айжан Мухышбаева.

«Увеличение расходов сферы обороны в 2018-2020 гг. связано с реализацией госпрограммы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму, а также

повышением на четверть должностных окладов сотрудников правоохранительных органов и военнослужащих. Также в трехлетнем периоде предусмотрено создание Национального координационного центра информационной безопасности «Киберщит Казахстана» на общую сумму 28,8 млрд тенге», — прокомментировала эксперт (informburo.kz, 13.12.2017).

## СЛУЖБА НА КонтРАКТНОЙ ОСНОВЕ

Можно на этом примере констатировать изменение военной доктрины и принципа формирования армии. До определенного времени преобладала советская стратегия: готовили армию к большой войне с многочисленной и плохо обученной армией, многочисленной и часто устаревшей военной техникой с плохо обученными экипажами. Время нанесения массированных авиаракетных и артиллерийских ударов по большим площадям уходит в прошлое — на смену «большой войне» приходит гибридная война.

«Советская» концепция устарела, потому что мир изменился, изменились отношения между государствами, изменились приемы ведения войны, структура современной армии и вооружение. Пришло время военных IT-специалистов и стратегов, которые умеют качественно оценивать и просчитывать риски и, как следствие, принимать своевременные и обоснованные решения.

Например, совсем недавно у нас была большая проблема — непонимание или недооценка важности информации и информационных систем в вооруженных силах, удручающе низкий уровень компьютеризации систем вооружений и личного состава. С решением этой проблемы и связано создание Национального координационного центра информационной безопасности «Киберщит Казахстана» и повышение компьютерной грамотности военных.

С недавнего времени армия стала формироваться на контрактной основе. С момента введения контрактной системы численность контрактников среди солдат и сержантов была доведена с 40% до нынешних 70%. Хотя точный численный состав Вооруженных сил РК — военная тайна, в открытых источниках называются цифры от 60 000 до 80 000 бойцов. А когда-то численность солдат-срочников на порядок превышала эту цифру.



ший в 2016 г. военные расходы на 5,4 % до 215 млрд долларов. На третье место поднялась Россия, потратившая за 2016 г. 69,2 млрд долларов на вооружения, что на 5,9 % больше, чем в 2015-м.

Россия вносит немалый вклад в мировую гонку вооружений. Еще в 2012 г. Владимир Путин отметил, страна перевыполнила план по экспорту вооружений, поставив за рубеж оружия на 14 млрд долларов. На протяжении последних лет эта статья российского экспорта стабильно растет. В 2017 г. экспорт вооружений из России составил около 15 млрд долларов. В итоге Россия уже несколько лет занимает второе место в мире по экспорту вооружений, осуществляя 16-22% от общего объема поставок. На первом месте США с долей в 34-37%, затем идут Франция, Германия и Китай. Россия продает военную технику и оружие (от автоматов до авианосцев) отнюдь не только оборонительного предназначения, поэтому не может претендовать на роль миротворца.

По абсолютным затратам на нужды обороны Россия занимала третье место после США и Китая. Но доли военных расходов в ВВП у США и Китая совсем другие: 3,3% и 1,9%. Тем самым военные расходы России выглядят непропорциональными по отношению к ВВП и численности населения. Объем российского ВВП в 6-7 раз меньше американского и китайского, численность населения в РФ примерно в 2 раза меньше, чем в США, и почти в 10 раз меньше, чем в Китае. Однако в долях ВВП Россия тратит на оборону больше, чем США, и в 2,5 раза больше, чем Китай.

Иными словами, мы наблюдаем милитаризацию экономики РФ, увеличение военного сектора в общей структуре национального хозяйства в ущерб другим отраслям, в ущерб уровню жизни населения. Да, в России есть известная надежда, что развитый военно-промышленный комплекс может «вытянуть» и другие отрасли народного хозяйства. Однако 5,3% ВВП на оборонку говорит за себя — это замкнутый в себе цикл, от которого мало пользы «гражданке».

## ПОИСК ОРИЕНТИРА: ОТ США И РОССИИ К ЯПОНИИ

Политика крупных геополитических игроков — США, России,

Китая — способствует гонке вооружений, что влияет на развитие других стран: идет тенденция увеличения военных расходов. Государства Центральной Азии тоже повышают свои военные расходы.

Активную милитаризацию продолжает и Узбекистан — в 2018 г. на эти цели выделено 1,4 млрд долларов, что значительно превышает вместе взятые официальные военные бюджеты Туркменистана, Кыргызстана и Таджикистана. Причем Узбекистан в регионе выделяется самым высоким процентом военного бюджета в соотношении с ВВП — это 4%.

В мире есть примеры миролюбивой политики, которая приносит колоссальные плоды, в том числе в экономическом, научном, образовательном, социальном плане. Например, Япония является одной из великих держав. После второй мировой война эта страна совершила полный поворот, отказавшись от политики вооружения в пользу экономики, вкладывала средства в развитие промышленности, при этом рассчитывала только на свои силы для подъема экономики, не прибегала к иностранному капиталу, но перенимала новые технологии и технику.

Япония — одна из редких великих держав, которая не была вовлечена в разорительную гонку ядерных вооружений, избежала раздувания военного бюджета, гонки обычных вооружений и вообще непосильных расходов, т.е. того, что тяжким бременем давит на экономику других держав. Япония превратилась в великую страну благодаря отказу от милитаризации и сохранению нейтральной позиции, что принесло ей большую выгоду и авторитет на международной арене.

Отказ Казахстана от ядерного оружия предполагает продолжения миролюбивой политики и в области обычных вооружений. К этому располагает и международная обстановка: возможное объединение Кореи, мировой экономической кризис, кризис общечеловеческих ценностей. В такой ситуации надо выходить из игры по правилам «духа войны», игры мировых игроков гонки вооружений и проводить миролюбивую политику, пропагандировать на международном уровне принципы новой модели международных отношений без гонки вооружений, сокращения обычного вооружения, решения международных проблем мирным путем.

Дастан ЕЛДЕС  
d.eldesov@mail.ru

# КОРОТКО О ВОЙНЕ, ВЕРМАХТЕ, СТАЛИНЕ И КАЗАХАХ

9 мая и на эту тему тезисно на основе различных материалов, в том числе мемуаров солдат и офицеров РККА и вермахта. Сталин знал, что Германия нападет на СССР и впервые публично сказал об этом в мае 1941 года на приеме в честь выпускников военных академий. Было много сообщений с разными датами нападения. Сталин предполагал, что война начнется в 1942 году. 22 июня 1941 года на Советский Союз напала Германия и ее союзники: Италия, Румыния, Венгрия, Финляндия. Еще были формирования Хорватии, Словакии, Испании, Голландии, Норвегии, Швеции, Дании, Франции, Бельгии и других стран Европы.

План Ост предусматривал после нанесения поражения Советскому Союзу принудительное выселение более половины населения с оккупированных территорий европейской части СССР за Уральские горы.

Красная армия была сильной армией, но вермахт к началу войны во всех отношениях был сильнее. Солдаты и офицеры были хорошо подготовленными и опытными воинами. Чтобы понять, что из себя представлял вермахт, достаточно посмотреть на игру сборной Германии по футболу.

По вооружению Красная Армия не сильно уступала вермахту. Кроме Т 34 и КВ, на немцев произвели сильное впечатление автоматические винтовки СВТ 40.

Основная причина поражения Красной Армии летом 1941 года в том, что Германия создала танковые армии и умело их применила. Танковые армии (это кроме танков, вся колесная и гусеничная техника с пехотой и артиллерией) были ноу хау в военном деле. Вермахт создавал численное превосходство на отдельных участках, а затем танковые армии прорывали оборону РККА. Пройдя десятки километров в глубину, они окружали армии и дивизии и создавали так называемые котлы, в которых оказались десятки и сотни тысяч солдат и офицеров Красной Армии.

Всего за войну в немецкий плен попало свыше 5,2 миллиона советских солдат и офицеров. При чем, 3,9 миллионов до февраля 1942 года. Около 2 миллиона человек вернулись из плена, из которых большинство после проверки направляли в войска и в трудармию. Более 200 тысяч попали в советские лагеря.

Советский Союз не подписал Женевскую конвенцию по военнопленным. Германия являлась участницей этой конвенции и обязана была соблюдать требования конвенции, но она в отношении советских военнопленных положения не соблюдала. Большинство советских военнопленных погибло в лагерях от невыносимых условий, голода и болезней.

Летом 1941 года была разбита кадровая Красная армия. С осени 1941 года уже воевали в основном те, кого уже призвали.

Первые дни войны Сталин не впадал в ступор, а вызывал к себе разных ответственных лиц, о чем свидетельствует журнал посещений его кабинета.

После Вяземского котла перед вермахтом открывалась прямая до-

рога на Москву. Поэтому в срочном порядке под Москву были переброшены дивизии с других участков, в том числе 312 и 316 дивизии из Казахстана. Именно эти дивизии сыграли решающую роль в обороне Москвы, о чем отметили в своих мемуарах Г. Жуков и К. Рокоссовский. Почти половину личного состава 312 дивизии составляли казахи. Наши деды на самом деле отстояли Москву и это нужно помнить.

Гитлер планировал захватить Москву до наступления зимы и поэтому вермахт не очень озаботился обеспечением теплой одеждой.

28 панфиловцев одновременно миф и подвиг. Миф — потому что основой послужил литературно обработанный журналистский очерк, где не все детали совпадали с реальностью. Подвиг — потому что по факту это был подвиг реальных людей. Вся 316 дивизия воевала отважно и еще до 28 героев ей дали звание гвардейская. Еще нужно сказать, что в декабре для подъема духа нужно был такой распиаренный подвиг. Проблема возникла из-за того, что среди героев один оказался не героем.

После поражения под Москвой немецкие генералы начали понимать, что войну им не выиграть. Это особенно стало ясно после Сталинграда. В этом понимании лежал простой арифметический расчет. Потери немцев стали не восполняться. Одним из первых это понял полковник Штауфенберг, который летом 1944 года организовал покушение на Гитлера.

Ленд-лиз сыграл свою роль и приблизил победу. Танки Шерман Красной Армии входили в Вену и Берлин. Ленд-лиз не только техника, вооружение, боеприпасы и стратегическое сырье, это еще продукты питания и лекарства. Ленд-лиз был не бесплатным. Россия как право-



премию СССР расплатилась за него в 2006 году.

В харьковском разгроме, где погибла 100 казахская дивизия, виноваты Тимошенко, Хрущев и Баграмян. Позже Хрущев пытался всё свалить на Сталина, но его в своих мемуарах опровергли свидетели тех событий.

Ленинград и Сталинград в силу своих названий были символами, и поэтому их оборона и несдача имела большое политическое и стратегическое значение. В случае их сдачи СССР проиграл бы войну. Победа под Сталинградом заставила других союзников Германии отказать от планов участия в войне против СССР.

Война не только вооруженные силы, война это еще экономика. Советскому Союзу за счет командно-административной системы удалось за короткое время перестроить всю экономику для нужд фронта.

На советско-германском фронте до лета 1944 года воевало около 70% немецких дивизий (в 1942 году эта цифра доходила до 80%).

Случаи нехватки стрелкового оружия были в начале войны. В основном это касалось дивизий

народного ополчения, которые формировались в спешке и сразу направлялись на фронт. Регулярные боевые части были укомплектованы стрелковым оружием. Если и были случаи нехватки, то у солдат небоевых частей (например ездовые) в начальный период не всегда были винтовки.

Большую часть потерь СССР в войне составили гражданские. Боевые потери СССР больше боевых потерь Германии: 11,3 миллионов против 8,6 миллионов (это 90% от всех потерь немцев). Это много, но не настолько много, чтобы говорить «завалили трупами». Разница еще объясняется тем, что у немцев не все потери конца войны (например, среди фолькштурма) были учтены. Поэтому можно говорить, что потери обеих сторон примерно на одном уровне. Потери вермахта стали значительно увеличиваться с 1943 года. Лобовые атаки на позиции немцев с большими потерями в первые годы были и этому есть свидетельства с обеих сторон.

Из призывников 1923 года рождения по разным оценкам погибло от 80% до 90%.

Роль штрафных батальонов и штрафников преувеличена.

Немецкие солдаты и генералы в своих мемуарах отмечали роль комиссаров и храбрость советских солдат.

У Жукова по сравнению с другими полководцами потерь было меньше. Но он бывал груб с подчиненными, о чем ему припомнят после войны.

Все хорошо отзываются о Рокоссовском.

Сталин знал многих командиров дивизий и директоров заводов. Иногда сам звонил им.

Практически все маршалы и генералы, общавшиеся со Сталиным, высоко оценивают его роль во время войны.

Приказ 227 — жестокая необ-

ходимость. Он появился после тяжелого поражения под Харьковом. До приказа в частях уже царили пораженческие настроения, было много случаев дезертирства и оставления позиций. Благодаря приказу удалось все эти явления пресечь.

Туркестанский легион, как боевое подразделение, не оправдал надежды немцев. Туркестанцев в основном использовали в Европе, а закончили они свою войну на Атлантическом вале против американцев.

В первый год войны, согласно приказу о комиссарах и евреях, при их попадании в плен расстреливали сразу. Евреев вычисляли просто: заставляли всех снимать штаны и показывать мужской орган.

Образование в 1936 году Казахской ССР по значимости для казахов было сравнимо с независимостью 1991 года. Поэтому войны казахи, включая Бауыржана Момышулы, говорили, что они защищают свою Родину, свой аул.

Кошкарбаева и Булатова представляли к званию Героя Советского Союза, но не наградили. Вмешалась политика, поскольку решили, что победу должны олицетворять русский Егоров и грузин Кантария.

Во время войны на территории Казахстана было эвакуировано более 200 заводов и фабрик с оккупированных территорий, которые позже станут основой промышленности республики.

Из 6 миллионного населения Казахстана на фронт ушло 1 миллион человек, более 600 тысяч не вернулись.

Почти 500 казахстанцев стали Героями Советского Союза, в том числе 100 казахов (это с учетом призванных из других республик и награжденных после войны).

Война с каждым годом отдаляется и соответственно меняется его восприятие. Для кого-то это День Победы и в этот день поминают своих родственников. Для кого-то это уже ничего не значит. Однако нужно помнить два важных момента.

Первый. Казахстан и казахстанцы внесли свой вклад в разгром германского фашизма — самого главного зла прошлого века, осужденного Нюрнбергским судом. Они защитили свою Родину и освободили Европу от фашизма. И за это мы заплатили высокую цену.

Второй. Наши отцы и деды были хорошими воинами, о чем свидетельствуют их однополчане и противник.



# ЖАРҚЫН БЕЙНЕЛЕРІҢІЗ қашан да жадымызда

2017 жылдың жазы Әбішевтер әулетін орны толмас қайғыға салған мезет болды. Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданы, Жоломан ауылының тумасы бауырымыз асқар таудай ағамыз Сейілхан Әбішев жетпіс жасқа жетер шағында өмірден өтсе, ізін шала туған інісі Талдықорған облысы Көксу ауданы, Көксу ауылының тумасы, Несіпбек Әбішев 65 жасында жарық дүниемен қош айтысып кете-барды. Қабырғамызды қайыстырған қос бірдей қаза салған жүректегі жара әлі күнге дейін жазыла қойған жоқ. Әулетіміздің көшін бастап, саялы бәйтеректей болған бауырларымызға деген жүректің түкпіріндегі сағыныш қолымызға еріксіз қалам алғызып отыр. Қас пен көздің арасында қос қанатымыздың қайрылғанына да жылжып жыл да өте шықты. Сейілхан мен Несіпбек ағаларымызды сағына еске ала отырып, олардың жүріп өткен өмір жолына бір сәт үңілгенді жөн санадық.



Сейілхан Әбішев

1948 жылы дүние есігін ашқан Сейілхан Жақсылықұлы кейін өсе келе Омбыдағы теміржол транспорты институтында жоғары білім алуға қол жеткізді. Өз ісінің кәсіби шебері атанған ол саналы ғұмырын еліміздің энергетика саласының дамуына арнады. Жоламандағы элеватордың, Малайсарыдағы тас заводдың және Үштөбедегі комбикорм заводының Бас энергетигі болып қызмет



Несіпбек Әбішев

атқарған оның еселі еңбегі ел алдында еленбей қалмады. Бірнеше рет құрмет грамоталарымен және медальдармен марапатталып, елдің ерекше құрметіне бөленген-ді. «Орнында бар оналар» демекші, бүгінде жан жары Рәмзия екеуі тәрбиелеп өсірген үш қыз бір ұлы мен олардан өрбіген немерелері Сәкен жаққан отты өшірмей, маздатып келеді. Ал, інісі Несіпбек Жақсылықұлы

болса теміржол саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан білікті маман болған-ды. Мектеп бітірісімен-ақ табандылықты талап ететін теміржол ісіне араласқан Несіпбек Жақсылықұлы ең алғашқы еңбек жолын Іле теміржол бекетіндегі құрылыс мекемесінде жұмысшы болып бастайды. Одан кейінгі өмір жолы да шойын жолмен біте қайнасып жатты. Несіпбек Жақсылықұлы атап айтқанда, Қосқұдық, Жоламан, Малайсары сынды теміржол бекеттерінде еңбек етті. Өмірін өнегемен өре білген Несекең жұбайы Опажан екеуі төбедегі түгел етер төрт перзентті өсіріп жетілдірді. Бүгінде балдай тәтті немерелері өмірінің жалғасындай болып, өсіп, өніп келеді.

Біз бауырларымыз Сейілхан және Несіпбек Әбішевтерді сағына еске ала отырып, жаны жәннәтта болып, Алла алдарынан жарылқап, пейіште нұры шалқысын дейміз. Сіздердің жарқын бейнелеріңіз біздің жадымызда мәңгілік сақталып қала бермек...

*Еске алушылар:  
Әбішевтер әулеті*

*Төменде қос бауырын сағынышпен еске алып отырған Мейірхан Әбішевтің жүрекжарды жырларын оқырман назарына қаз-қалтында ұсынғанды құп көрдік.*

## Сабырлы Сейілхан

Жетісу – жер жәннаты, бабамның аманаты!  
Балхаштың көк жиегі, асқақтаған Алатауға жанасады!  
Іле менен Қараталдың ортасына жайғасқан,  
Қазағымның жайылған малыменен жарасады!

Осы аталған аймақты жайлап жатқан,  
Халқының мекені көп шоғырланған,  
Теміржол мен тасжолдың бойындағы:  
Қосқұдық пен Шеңгелді,  
Бақанас, Жаркент, Текелі!  
Үштөбе, Сарыөзек, Малайсары, Жоламан!  
Сән болып ортасында, Талдықорған!  
Осындай жайқалған керемет өңірде,  
Туып өсті, Жақсылықұлы Сейілхан!

Алматыда мектепті «күміспенен» тамамдап,  
Омбыдағы институтқа, түсті біраз шапқылап!  
Күндіз оқып, кешке, жұмысқада үлгерді,  
Жанұяның қамы үшін, махаббаты шарқырап!

Жас жанұя, тату-тәтті, жақсы тұрды Омбыда,  
Қуанышқа, туды сонда, тұңғыштары Гүлжәмилә.  
Сағындым ауылымды, аңсадым деп,  
Дипломды алысымен, келді Сакең, Жоламанға!

Ауылы құшак жайып, қарсы алды жас адамды!  
Жаңа салған элеватор ұжымы сенім артып,  
Энергетиканың болсын деді, – бас маманы!  
Осылайша басталды еңбектегі, алғашқы оның қадамы!

Бұл салада көзге түскен жақсыларды!  
Байқап қалып теміржолдың басшылары,  
Малайсары, тас майдалау заводының,  
Энергетика саласын, басқаруды тапсырады!

Жаңа өмір, жаңа сала, күнде нұрлы!  
Сол жылдары, дүниеге келді, Гүлнұры!  
Іле сала Гүлзирасы туылып,  
Жанұясын жарқыратты Үш Гүлі!

Жұмысы жанды, күшейді және тұғыры!  
Женешемде, жақсы болып құлпұрды!  
Толып, болып, әбден жеткен шағында,  
Дүниеге алып келді, Сәлім деген бір ұлды!

Заман лебі әр жақтан, әр түрлі болып соғады!  
Кейде болмыр, кейде, жақсы жаққа бұрады!  
Білімімен, іскерлігін байқаған басшылары,  
Сейілханды, Үштөбеге, үлкен іске шақырады!

Бас энергетигі болдың сен, үлкен мекеменің,  
Алған пәтерінде жаман емес, үш бөлмелі!  
Оқуы да бірталай, жақсарып балалардың,  
Жұмысы да, іздеп жүрген табылды, жас ананың.

Зымырап бүгін – ертең, күрбелеңмен жылдар өтті,  
Жүре келе алқай – салқай, денсаулықтың күші кетті!  
Балалардың жылдан жылға, өскенін байқамай-ақ,  
Уақыты, құрметті пенсияның, келіп жетті!

Жүгінді жүктемедің, салмадың салмағыңды ешбір жанға,  
Мұңыңды іште ұстап, сырынды ашпадың ешқашан да!  
Денсаулығың бүк берседе, шыдап бағып, түзетуге,  
Мүмкіндік бермедің ғой ешкімгеде, бұл жалғанда!

Намысыңды қамшылап, оқуыңды қайсарлықпен шындадың,  
Өмір бойы еңбек етіп, сол білімді, іскерлікпен қолдандың!  
Шыдап бағып, тағдырдың, неше түрлі соқпағына,  
Барлық жерде, тапқырлықпен, жұмысыңды жалғадың!

Жылдан жылға, сол қиыншылық, салған іздің салдарынан,  
Денсаулығың сыр беріп, жаныңды әбден ауыртқан!  
Ерте кеттің бұл дүниеден, орындалмай бар арманың!  
Жұмсақ болсын, Қосқұдықтан, бұйырған топырағың!

*Қосқұдық бекеті,  
16 шілде, 2017 жыл.*

## Жалындаған Несіпбек

Жер жәннаты Жетісудың жерінде,  
Қиын қыстау заманның кезінде.  
«Турксиб» деген жобаның атыменен,  
Теміржол түсті қазағымның жеріне.

Әрбір жерде пайда болды теміржол бекеттері,  
Іле, Қосқұдық, Аягөз, Үштөбе, Матай, Текелі!  
Малайсары, Жоламан, Көксу менен Сарыөзек,  
Арасында туып өсті, жетілді Жақсылықұлы Несіпбек!

Жастайынан қолынан іс келерін ол байқады,  
Кәсіптік оқуға түсіп, шеберлігін шындады.  
Бітірген соң оқуын, әскери міндетін өтей сала,  
Ауылына сағындырған, сағым қуып оралды.

Өміріндегі бұл оның, ең бір шапағатты кез еді,  
Екі жылдай сөз берген, сүйіктісі күтіп отыр себебі.  
«Үйленемін» деп, шарқ ұрды оның махаббаттан жүрегі,  
Әке-шеше қолдады, той жасады барын салып, үйдегі.

Зымыраған уақыт, білінбей өтіп жатты,  
Әрбір күннің, бірі тәтті, бірі қатты.  
Кей бір соқпақ жолындағы, сынап жатса,  
Кей біреуі жолын ашып, бақытының, дәмін татты.

Ұқсап бағып ағасына, өнегелі жанұяның,  
Әп сәтте-ақ болды әкесі, төрт баланың.  
Күндіз түні қажырлы еңбек етіп,  
Асырап, өсіріп, жеткізді ғой балаларын.

Өмірін, неге сонша қиын болып, тулады,  
Денсаулығың сыр беріп, қиналып, мың бұралдың.  
Құса болдың, мұңыңды іште ұстап,  
Рухани тағат алмай, жан тұрманың.

Қамшылап намысыңды, шыдап бақтың,  
Ұстай біліп, тағдырдың, жіберген сынақтарын.  
Ерте кеттің бұл дүниеден, орындалмай бар арманың!  
Торқа болсын, туған жерден бұйырған топырағың!

*Қосқұдық бекеті,  
30 тамыз, 2017 жыл.*

**М**

үбі мырзашөлдік, қазақтың талантты ақындарының бірі Бекшүкір Қаршалов туған жеріне арнаған бір өлеңінде: Барып па едің Мырзаның шөліне сен, Кені ғой ең байлықтың кені десең, Бұл өзі, айналайын, алтын аймақ, Аптабы мен желінен жерімесең, – депті. Ақын дұрыс айтады, бұл алтын аймақ екені рас, киелі жер, қасиетті жер. Бірақ тарихына көз жіберер болсақ, сан ғасырлар бойы сағым болып, шөл атанғаны рас. Жүрген аңның табаны, ұшқан құстың қанаты күйетін дәл осы аймақ еді. Дәл осыдан аттай бір ғасыр бұрын шөл төсіне түрен түсіп еді. Әр нәрсенің бір бақытты сәті болады десек, содан бастап Мырзашөлдің арайлы таңы атыпты. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының іші нағыз дүрбелеңнің басталып, қызған сәті еді. Әр дәуірдің өзіне тән саясаты, алдына қойған мақсаты, ой-мүддесі болады екен. Соған сай Мырзашөлді игеру көптің ісі, екпінді құрылыс деген таңба қойып, жан-жақтан адам, тың күш шақырды. «Су – өнімнің жаны» деп босқа айтылмаған. Шөлді игеру үшін ең алдымен су керекін түсінді. Облыс көлемінен мыңдаған адамдар бұрынғы Киров каналын қолмен қазды. Ол жұмыс күндіз-түні жүрді. Сол құрылысшы аға-апаларымыздың ерен еңбегі өз дәрежесінде көрсетілмей, жазылмай келе жатқаны өкінішті.



# МЫРЗАШӨЛДІ

## тәңізілік аты қалған

Каналдан су келді, тағы да жан-жақтан көш келді, тағы да жерді игеруге кірісті. Алғашқы лектің ішінде сонау көк балаусалы Байырқұм баурайынан, сан ғасырдың сырын басып жатқан, қазақтың сүйікті қаласы атанып, тарих қойнауына кеткен сүткенттік сараман азаматтары құлшынып келді. Жабылып «Социализм» колхозының қазығын қақты. Бойында бұла күш толы Боранбай балуан белсеніп жүрді. Сол білек сыбанған, бел бұған белсеңді қимыл, берекелі пиғыл ұлы Әденнің бойына тарапты. Ісін табысқа, сөзін намысқа қайрапты, жүрген жері жайнапты, содан көптің құрметіне бөленіп, жүрегін жаулапты.

Иә, кәдімгі қазақтың сұңқар ақыны Сырағаң, Сырбай Мәуленовтің:

Төрт жыл бойы ала алмады жауған оқ,  
Төрт жыл бойы ала алмады жанған от.  
Төрт жыл бойы төңкерем деп фашистер,  
Төрт жыл бойы күшін аяп қалған жоқ,

– деген отты жыры осы Әден ағаға арналғандай екен. Шынында төрт жылғы соғыс болғанда да қан саулаған Сталинград қоршауы, адамды қасапша қырған Курск доғасы, бет қаратпаған Берлин бекінісі дейсіз бе, бәрінде Әдағаң бел ортасында жүріпті. Сол қиян-кескіден қорғаушысы пана болыпты. Кейін күректелі жарты ғасыр Мырзашөл шабуылының алғы шебінде болды. Яғни тыңның тарлаңы. Ешкімнің дау-таласы жоқ. Бұлары азаматтық парызы болса, адамдық парызын да асыра орындапты, батыр әке. Әдағаның әдемі, мөлдір махаббатының мөрі – өмірге 11 ұрпақ келіпті. Олар еліміздің түрлі салаларында, қазір немерелері орны басуда. Иә, қай жағынан қалам тербеуге арзиды.

Мырзашөлдің төсінде бір жерде, бір ауылда жарты ғасырдан астам тұрып, оның өсіп, өркендеуіне Әдағаңдай белсене тер төккендер аз. Бейнеті жанды деген осы болар. Сол ауылына өз аты берілді.

Енді біз Мырзашөлде мәңгілік аты қалды деп айтуға негіз бар. Ұрпақпен бірге мәңгі жасай берері сөзсіз.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы: «Жалақ жұртыңды, ісі Алашынды құрметтеу алдымен өзін

тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, тұлғаларын анықтаудан басталады».

Олай болса, міне, Сізге тұлға. Танып ал дегіміз келеді.

### МЫРЗАШӨЛДІҢ ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТЫ

Әден Боранбайұлы 1921 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданы Сүткент кентінде орта шаруа отбасында дүниеге келген.

Колхоз шаруасына ерте араласқан Әден Боранбаев өзіне жүктелген міндеттерін ересектермен бірдей атқарып, ауылынан 60 шақырым жерде орналасқан Арыс қаласына колхоздың астығын, мақтасын науқан кезінде арбамен тасып, дарияның толқынынан жел қайықпен жүзіп өтіп, тапқырлығымен, еңбекқорлығымен көзге түскен.

XX ғасырдың 40-шы жылдары Мырзашөл өңірін игеруге партия, кеңес үкіметінің шешімімен ел қатарында «Социализм» колхозының колхозшысы Әден Боранбаев та отбасы мүшелерімен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы 1-Тоғай елді мекеніне көшіп келіп қоныстанған.

Неміс фашистерінің шабуылымен басталған 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысына Әден Боранбаев Отанды қорғауға алғашқылардың қатарында шақырылып, 1941 жылы желтоқсан айының 11 күні Кеңестер армиясы қатарына шақырылып, Жамбыл қаласында 105 нөмірлі Қазақ ұлттық дивизиясында 8 ай әскери қызметте болды. Қатардағы жауынгер Әден Боранбаев соғыс майданына 1942 жылы қыркүйек айында 105 аттылы дивизия құрамында Сталинград түбінде араласқан. Осы майданда Дон майданының 306 полкінде барлаушы, байланысшы қатарында соғысқа қатысқан. Қан майдан ортасында жүріп жауынгер Әден Боранбаев ерлігімен көзге түскен, жауды жеңуде өз үлесін қосқан.

Майдандағы ерліктері үшін ол кісі I, II дәрежелі «Ұлы Отан Соғысы» орденімен, екі рет «Ерен ерлігі үшін», «Әскери батылдығы үшін» медаль-

дарымен, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Праганы алғаны үшін» және де басқа да мемлекеттік медальдарымен марапатталған, бірнеше рет Бас Қолбасшы И.В.Сталиннің алғыс хаттарынан алған.

Әден Боранбаев 1946 жылдың көктемінде, ауылына жеңіспен оралып, бейбіт өмірге араласады. Жас солдат соғыстан кейінгі еңбек жолын өзінің өскен жері «Социализм» колхозында жалғастырып, колхоздың есепшісі, мал шаруашылығы саласының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1949 жылғы ол колхоз басқармасының төрағасы болып сайланған, оны 1957 жылға дейін атқарған, ал сол жылы мамыр айында Ә.Боранбаев жаңадан құрылған «Победа» совхозының №1 бөлімшесінің басқарушысы болып тағайындалады.

Әден Боранбаев өзі басшылық еткен бөлімшенің тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын жақсартуда, табысты еңбек етуге жұмылдыруда көп еңбек сіңірді. Бөлімшенің негізгі дақылы – мақта алқабынан аудан, облыс көлемінде ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізіп, мақта жинау өнімділігін бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріп, әр гектарынан 40 центнерден өнім алған, еңбектегі табыстары үкімет тарапынан жоғары бағаланып, ол 1957 жылы КСРО-ның жоғарғы наградасы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

1963 жылдың басында Киров аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің басшыларының ұсынысымен Әден Боранбаев аудан аумағында артта қалған «XX партсъезд» совхозының №1 бөлімшесінің өнімділігі мен экономикалық жағдайын көтеру мақсатында осы бөлімшенің басқарушысы қызметіне жіберілген. Ол кісі бұл жерде де өзінің іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарғы дәрежеде екендігін дәлелдей отырып, халықтың еңбекке деген қабілеттілігінің көзін ашып, бөлімше жұмысшыларының және механизаторларының, мамандардың жұмыстарын жүйелі түрде жолға қоюының арқасында, оның басқаруындағы бөлімше еңбеккерлері

бұл өңірде бұрын-соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізген.

1964 жылы май айынан 1967 жылдың сәуір айына дейін Әден Боранбаев тың жерден жаңадан ашылған «Өзбек ССР-нің 40 жылдығы» мақта совхозының директоры болып қызмет атқарған, осы жылдарда совхоз жылдық мақта жоспарын орындап, үлкен экономикалық табыстарға жеткен.

1969 жылдың көктемінде өзінің іргесін қалаған ауылы «Победа» совхозының №1 бөлімшесінің басқарушысы қызметіне тағайындалып, бұл қызметті 15 жыл қатарынан зор абыроймен, үлкен іскерлікпен атқарып шыққан. Ол кісінің еңбектегі қол жеткізген табыстары еленіп, екінші рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» медальдарымен марапатталған.

Қай салада басшылық жасамаса да Әдекең жас жеткіншектер мен ауыл қарттарына, зейнеткерлер мен жетім-жесір отбасыларына көмек көрсетуден, олардың малына жем-шөп жеткізіп беруден, өздеріне азық-түліктей көмек беруден еш жалықпаған кісі еді.

Әден Боранбаев өзінің жарқын да өнегелі ғұмырында өзінің білгенін, өмірден түйгенін өзінен кейінгі ізбасар шәкірттеріне үйретуден ешқашан жалыққан кісі емес еді, өзінің әріптестері арасында мақта дақылын өсіруде «дала профессоры» атанған Әдекең мақта егу, оны өсіру, баптау, жинау әдістерін жетік меңгерген маман ретінде өз тәжірибесімен үнемі бөлісіп отыратын, ал ол кісіні ұстаз тұтатындар қатарында елімізге белгілі тұлғалар да баршылық.

Солардың ішінде кезінде ел мақтанышы болған 25 жыл «Большевик» совхозының директоры болып қызмет атқарған Социалистік Еңбек Ері, Өзбек ССР-і Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің бірнеше дүркін депутаты болып сайланған Шаблан Ділдәбеков, «Октябрьдің 30 жылдығы» совхозының директоры, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған Ленин ордені иегері Жолдасбай Ералиев, облысымызда бірнеше аудандарда басшылық қызметтер атқарған Тойым Жүнісов, Омарбек Нұржанов, аудандарда, кеңшарларда басшы қызметін атқарған Кенже Сахов, Мекенбай Оралов, Мырзахмет Назанов, Мырзагелді Кемелов, Жолдасбек Сүлейменов, Батырбай Сейданов, Байсерік Жұмабаев, Әшім Жаппаров, Кемелхан Сатылханов, Жаппарқұл Әбдәзімов, Әнуар Тасқараев, Әуелбек Әбішевтерді және басқа да елге еңбегі сіңген азамат тұлғаларды атауға болады.

Халықтың қалаулысы болған Әден Боранбаев еліміз егемендік алғаннан соң, 1994 жылы Киров аудандық маслихатының шешімімен «Ауданның Құрметті азаматы» деген атаққа ие болды. Сондай-ақ, өзі ыстық-суығына шыдаған, өмірінің соңына дейін еңбегі сіңген «Социализм» ауылына «Әден ата» аты беріліп, үлкен абыройға бөленді.

Әден Боранбаев өзінің қайтпас қайсар мінезімен, ағайынға, дос-жарандарына деген бауырмашылдығымен халық арасында үлкен абыройға ие болған кісі. Ол кісінің халыққа жасаған осындай игі жақсылықтарының арқасында бүгінде «Әден ата» ауылы гүлденген, абыройы асқақтаған елді мекенге айналып отыр.

Әдекең 1947 жылы Ибағұл жеңгей екеуі отбасын құрып, 50 жылға жуық отасқан, ол кісілер 11 ұл-қыз өсіріп, тәрбиелеген. Қазіргі таңда Әдекеңнен тараған ұл-қыздары өз өмір жолдарын тауып, ата-анасының ғибратты жолын әрі қарай жалғастыруда.

**Жолбарыс ТІЛЕУОВ,**  
Қазақстан Республикасы  
Жазушылар  
одағының мүшесі

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ бәрі де түптеп келгенде, қан төгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі» деген. Ата-баба салтыменен біте-қайнасқаннан кейін бе, ислам діні біздің рухани бөлшегімізге айналды десек болады. Құрбанәлі Бақиболлаұлы Ахмет ишан 04.04.1955 ж. Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Ташкенттегі Ислам институтын аяқтаған. Одан соң Бұхарадағы «Мирараб медресесінде» фикх ілімі мен араб грамматикасынан сабақ беріп, 1988–1998 жылдары Ташкенттегі Ислам институтында сопылық (суфизм) туралы лекциялардан дәріс оқыған.

«Мазхаб мәнісі», «Намазнама», «Ілімге ілесу», «Рухнама», «Тариқатнама», «Пірі бардың не қамы бар», «Аруақ – Алланың абылхаяты» атты бірнеше кітаптардың авторы. «You Tube» сайтында дәстүрлі Ислам мен жаңадан пайда болған діни ағымдар туралы, заманауи дін мен рухани үндестік және т.б. дәрістердің циклі бар. Халқына рухани жолды көрсеткен атақты Аппақ ишанның немересі, ата-бабамыз салған игі дәстүрлі дінімізді дәріптеп жүрген теолог-ғалым. Төменде Құрбанәлі қажы Бақиболлаұлымен сұхбатымызды ұсынып отырмыз.

– Сіз Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы орталығындағы кезінде медресе болған, қазір тарихи мұражайға айналған тарихи кешенді салдырған, халқына рухани жол көрсеткен, атақты Аппақ ишанның немересісіз. Қалай ойлайсыз, қазіргі кезде сопылық ишандық мектептер керек пе?

– Шариғат пен тариқат арасындағы айырмашылықтар сопыларымыздың айтқан нақылдарынан алынған сөздер. Шариғат «жыланды өлтір» – дейді. Тарихатта «жанды, аруақты ренжітпе» деген жауап беріледі. Жыланның уы зиян келтіретін нәрселер харам, мәкрух, күнә жауыздық, ал адамзатты тозаққа апаратын нәрселердің бәріне шариғат тиым салатыны сияқты, мемлекетімізге, ұлтымызға қарсы келетін нәрселерге қарсы тұру – бұл дүниенің заңы. Дүниеде заң қандай қажет болса, шариғаттың керектігі сондай деңгейде тұрады.

Тариқатта «сен дұшпанымсың, жамансың, харамсың, күнә қылып жатсың» деген т.б. сөздерді айтпайды. Мұны бір «рухани кесел» деп есептейді. Әр нәрсеге жеңіл қарап, оны емдеуге тырысады. Тариқат адамы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)-ды «рухани кеселді емдеу үшін келген» деп түсінеді. Тариқат адам баласын құртып, өлтіріп, жойып салу үшін емес, сол аурудың, күнәнің, жауыздықтың түпкі



## «ӘРУАҚТЫ СЫЙЛАЙТЫН ҚАЗАҚ БОЛАЙЫҚШЫ!»

негізі неден шығып жатқанына мән береді. Мынау дүниеге деген махаббаттан ба, әлде жүрегіндегі күнәлерден ба, шайтаннан, тажалдан келіп жатыр ма соның бәрін зерттей отырып, түбірімен оны өзгертуге әрекет қылады. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.)-ның бір хадисінде: «Менің шайтаным мұсылман, момын болды» дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шайтанын өлтіріп жүрген жоқ, қайта оны «момын мұсылман» қылды. Хазіреті Омар (р.а.) Пайғамбарымызды (с.ғ.с.)-ды өлтіремін деп, қылышын көтеріп келеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хазіреті Омардың (р.а.) өзін де, қылышын да әбілхаятқа (адамға ем беретін, ләззат, салауат жақсылық беретін қуатқа) айналдырды. Яғни адамның жүрегінде болып жатқан жауыздықты жақсылыққа ауыстырды. Араб халқы өз заманында адам кейпіндегі «жабайы аң» боп есептелді. 360 пұты бар, бір-бірімен қырылысып, өз баласын тірідей өлтіріп, басқа қауымды да қырып жүре беретін еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олардың бүкіл санасын, мінез-құлқын, болмысын өзгертіп әлемдегі мәдениеті жоғары халыққа жеткізді. Адамзаттың ішіндегі шайтанын періштеге ауыстыратын мектепті «сопылық мектеп» деп атайды. Сол үшін біздің бұрынғы ата-әжелеріміз, сопыларымыз «жаным менің, құлыным менің» деп бір-біріне көркем мінезбен қарады. Соғыс кезінде біздің елге әр түрлі ұлттар келді. Сонда қазақ халқы олармен бірге нанын жеп, «сен анаусын, мынауысың» деп бөлмеді. Міне, бұл



сопылықтың тәрбиесінен туындайды. Сондықтан, бұл «сопылық тәрбиесі» пайғамбарымыздың (с.ғ.с.)-ның, сахабалардың, табиғандардың, біздің дәстүрлі мұсылмандығымыздың жолы. Біз де санамызды ауыстырып, бейбіт өмір сүріп, патриотизмнің шын мәніндегі мейірім-махаббатын көрсететін бір қазаққа айналсақ, міне осы «тариқат жолы» деп аталады.

– Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» өте жақсы айтылған. ...«Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастай-

ды» – делінген. Қазақ халқының салт-дәстүрі ислам дінімен етене байланысты. Қазіргі уақытта сананы өзгерту, жаңарту ауадай қажет. Сіздің өз пікіріңіз?

– Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» өте орынды айтқан. Біз жүз жылдан аса атеистердің мемлекетінде өмір сүріп, ата-бабамыздың санасынан түгелдей ажырадық. Біздің санамыз уақыттың өтуімен өзгеріп отырады. Ол ойымыздағы неше түрлі ақпараттарға байланысты болып жатқан нәрседен туындайды. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадис-шарифтерінде: «Сендердің амалдарың ниетіңе байланысты» – дейді. «Сен неге Құдайға сенбейсің?» – деген сұрақ қоямыз Сол сұрау адамзаттың ниетінде тұр екен. Ол неден шығады? Ол сенің ойың, пікірің, түсінігіңнен пайда болады. Ал түсінік неге байланысты? Ол сендегі 100 миллиард клеткада болып жатқан ақпарат кеңістігіне байланысты. Сен анандан туылып, балиғатқа жетіп, нені естіп, жедің, ойландың, яғни жаман ойлағаның, көргенің, естігенің бәрі шайтан түрінде болады. Соның барлығы санада қалып қояды. Біз ойымызды, қиялымызды бәрін бақылауда

де адам баласы материалдық дүниеге, атак-мансап қуып, соған сиында. Алдыменен адам баласы өзі пайдаланып отырған жан-дүниесін тануы қажет. Соны танысаң әруаққа қызмет қылғаның, сыйынғаның. Әруақты танымасаң материалист болғаның. Яғни мансапқа, ақшаға, қызметіңе, санаға, нәпсіге сиынып тұрсың. Бұлардың бәрі руханиятқа мұқтаж. «Әруаққа сыйыну дегеніміз» – Аллаға бас июдің алғашқы баспалдағы. Сонда Құдайыңды танысың. Мына материалдық әлемнен бөлек басқа бір дүниенің бар екендігін білсең, Алланы сезінгенің. «Әруаққа сыйынатын қазақ болайық» дегенде, Құдайға серік қоспақшы емеспіз. Бұл ата-бабаларымыздан келе жатқан халқымыздың нақыл сөзі. Бұл әулиелердің қағидасы. Соныменен, Аллаға, әруаққа шүкір демей, Құдайыңды танымайды екенсің.

– Сан ғасырлар бойы атадан балаға ауызыша да, жазбаша да рухани мұра болып келе жатқан рухани шежірелерді қазақтың зиялы ойшылдары, ақындары мен жыраулары жақсы білген. Сопылық әдебиет дәстүрлері қазақ сөз өнерінде және шығыс шайырлары аталатын Рудаки, Науаи, Фирдоуси, Хафиз, Омар Хаям, Физули, Сағди қазақ әдебиетінің өкілдеріне қатты әсер етіп, зор ықпалын тигізді. Әдебиетіміздегі сопылықты рухани жағынан түсіндірсеңіз?

– Қазіргі уақытта әдебиетіміз халқымыздың санасынан ажырап қалды. Әдеби құнды дүниелерін имамдарымыз мешіттің мінберлерінде айтуы керек. Адамның жүрегіне жететін, сай сүйегін сырқыратып, әсер ететін сөз болады. Сөзбен адамның санасын жаңартуға болады. Сол үшін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Сұхбат кезіндегі сөздер әлбетте адамға ықпал етеді» делінген.

Бір кездесуде Өзбекстандағы бауырларымыз әдебиет жөнінде сұрақ қойды. Сонда оларға Әлішер Науаидің «Құстар тілі» кітабын, ақынның өз сөзіменен жеткізіп берген едім. Бұрынғы заманның адамдарында қазіргідей ақпарат болмаған. Ол кезде әдебиетті жақсы меңгерген еді. Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.), сахабалар да адамдардың жүрегіне Алланың сөздерін әдемі жеткізіп қатты әсер қалдырған.

Біздің мешіттің мінберлерінде аят-хадистермен бірге жырауларымыздың, батырларымыздың, дүниежүзілік әдебиеттің, шығыс шайырларының шығармаларын айттып отырса, «нұр үстіне нұр болар» еді. Әрбір мұсылманның жүрегіне әдебиет арқылы иманды кіргізе білсек, бұл керемет тәсіл болары анық. Рухани азығымыз «әдебиетімізді халқымыздың жүрегіне жеткізсек деп» жазушыларымызға, шығыс танушыларымызға үміттенемін. Сонда ғана біз халқымыздың әдебиетін түсініп, әруағын құрметтесеқ «шала қазақ» болмаймыз. Әдебиетіміздегі рухани нәрселерден ажырап, жан-дүниеге әсер қылатын дүниеден айрылып қалғанымыз үшін осындай мәнұрт күйге түсудеміз. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» демекші, әрқашан да әруақты кастерлейтін рухы биік, қазақ болайықшы!

Ләйлахан АЙТҚОЖАҚЫЗЫ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі



